



31 МАМЫР – САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

«КӨҢІЛ АЙТСЫН АДАМЗАТ САҒАН, ДАЛАМ!»



Ғалам да алаң өткенге
санам да алаң,
Көңіл айтсын адамзат
саған, далам!
Қарағанды лагері
қара түнек –
Қарағанның түбінде қараңдаған.

Қалмаса да зұлымдық мәңгі жасап,
Қиямет – қайым көргенім
қанды қасап.
Жиырмасыншы ғасыр сол
алшаң басқан –
ГУЛАГ архипелагын алдына сап.

Арғымағым,
арда едім,
арыдым де.
Қадірлімнің таба алмай қабірін де.
Сталиннің вагоны музейде тұр –
Қаңқасынан қан саулап әлі күнге.

Ұрпақ мынау өткеннен не біледі,
Сүйегімді сол сауал кеміреді.
Қарағанды лагері –
қаралы өлең
Есіл,
Нұра егізім егіледі.

Зар айтады,
қан құсып көкірегі,
«Жалаңашкөл»
«Алжир» боп
шашын жайып –
«Степлагы»
Кеңгірде өкіреді.

Ғалым
ЖАЙЛЫБАЙ,
«Қара орамал»
поэмасынан
үзінді



АЛМАТЫДА
ЕСКЕРТКІШ
АШЫЛДЫ

БАҒА
ТҮСПЕСІН

ІЛИЯСТЫҢ
ӘКЕСІ

САҚТАН
ҚАЛҒАН
САФ МҰРА

ТҰТҚЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚТАР

2

3

8

11

on the web
JASQAZAQ.KZ

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ



ҚАЗАҚ УАХАБАШЫ БОЛҒАН ЕМЕС

Ислам діні ешкімді ешқашан басқа елдің салт-дәстүрін
ұстансын, киімін кінә деп мәжбүрлемейді. Қандай да бір
жаңалыққа бейім болу адамның табиғатына тән. Мысалы,
дінді бірінші болып кімнен теріс үйренсе, ол адамда солай
қалыптасып қалады. Оған бүгінгі жағдай дәлел.

(Толығырақ 4-бетте)



БИРЖАМЕТР



МҰНАЙ (brent)

50,84



DOLLAR

313



EURO

351



РУБЛЬ

5,55

ТҮЙТКІЛ

ҚАЛТАЛЫ «КӨКЕК» ӘКЕ



Сурет: Әбдіқадыр САБЫР

(Толығырақ 5-бетте)

БИЛІК



БҮГІНІМІЗДІ БАҒАЛАЙЫҚ!

«Елімізде азаматтардың құқығы мен бостандығы қорғалған. Біздің елде саяси қудалауға орын жоқ. Біз эволюциялық даму жолын таңдадық». Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарының «АЛЖИР» мемориалды-мұражай кешеніндегі ескерткіш тақтаға гүл шоғын қою рәсімінде сөйлеген сөзінде осылай деді.

Тарихтың ақтаңдақ беті — қуғын-сүргін құрбандарын еске алу рәсіміне тоталитаризм құрбандарының туыстары мен жақындары да қатысып, Елбасымен жүздесті. Мемлекет басшысы өз сөзінде бүгінгі күннің ел тарихында айрықша күн екенін атап өтті.

Н.Назарбаев 31 мамырды Саяси қуғын-сүргін құрбандарын жалпыұлттық еске алу күні ретінде атап өту керектігін айтты. Елімізде сол жылдары 103 мыңнан астам адам тұтқындалып, оның 25 мыңнан астамы ату жазасына кесілген. Қазақ

зиялыларының бетке ұстар өкілдері, республика басшылығының түгелге жуығы сол қанды қасапта атылған.

Қазақстан Президенті ел ішінде сол кезде қуғын-сүргінге ұшыраған адамдарға арналған лагерьлер салынғанын еске салып, ондағы адам төзгісіз азаптау туралы әңгімеледі.

Еліміздің әр түкпіріндегі 11 лагерьде кинау мен азаптаудан қаншама халық қаза болғаны, лагерьлерде миллионнан астам адам жазасын өтегенін жеткізді. Сонымен бірге саяси қайраткерлермен қатар, олардың жұбайы мен баласының да қуғын-сүргінге ұшырағанын, тіпті шиеттей сәбилер сол лагерьлерде дүниеге келген.

Нұрсұлтан Назарбаев осы ауыр кезеңде еліміз ондаған этнос үшін туған мекеніндей болғанын, көптеген қиындықты бастан өткерген олар бүгінде біртұтас халыққа айналғанын атап өтті. Сол бір бастан кешкен ауыр кезеңдерді Қазақстан халқы әрдайым есте сақтап, бүгінгі күннің кәдіріне жете білуі қажеттігін айрықша ескертті.

(Өз тілшіміз)

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

3,7

Халық әртісі Тұңғышбай Жаманқұловқа осынша жыл шартты жаза кесілді

1,6

млн теңге. Ақтөбеде қомақты қаржыға салынған аялдама жарамай қалды

80

мың теңгеге Арабтар қазақ қойын сатып алуда

Сөз-Жебе

Жақып АСАНОВ,
Бас прокурор:

«Прокуратураның араласпайтын, тексермейтін саласы жоқ. Барлығына үлгереміз деп сондай бір пысық келін болғымыз келеді. Балабақшада бір прокурор температураны тексеріпті. Екінші прокурор асханадағы қасықты санапты. Үшіншісі мектепке барып, кластың журналына тиісіпті. Дұрыс емес қой. Бірақ мен бұл прокурорларды түсінемін. Мен де өзім қалалық прокуратурада жұмыс істедім. Онда үлкен есеп бар. Есепте графа көп. Ол графаны толтырмасаң, көрсеткіш болмаса, ертең облыстық прокуратура сені қатты сынға алады. Жұмысыңнан алып тастауы мүмкін. Сондықтан амал жоқ, бірнәрсе істеу керек. Қимылдау керек.



Сосын оларды тексереді. Әйтеуір тырнақтың астынан кір іздейді»

7 СӨЗ

Қазақтың саны 1897 жылы 10 млн болған

Әлеумет.т⁰



Бүгіндері еліміздің зиялы қауымы да, қарапайым халық та ұлттық мінез туралы жиі айта бастады. Айтатындай да жөні бар. Осыдан біраз жыл бұрын баспасөзде қазақ жазушысы Роллан Сейсенбаев басынан өткен оқиға туралы ашына жазған еді. Алматының как ортасында қонақтан шығып келе жатқан Роллан ағамыз бен оның құрдастарына бір топ жастар майдан салады. Берілмеуге бекінген екі ұрпақ өкілі жан алыса, жан берісе шайқасып, ақыр соңында жастық қайрат бел алып, жастар әкелеріндей ағаларын жусатып салыпты... «Ағаларын» кезінде белгілі спортшы болған артықшылығы да құтқара алмаған. Ал соның алдында ғана жүрекке операция жасатқан Роллан аға ауруханадан бір-ақ шығады...

Қазақ деген қашанда сөзге тоқтаған, жасы үлкенді құрметтеген, үлкеннің сөзін болмеген, алдынан кесе-қолденен өтпеген, елге сыйлы ағаны қошаметтеген халық еді. Сондықтан, ұлт мінезі туралы қашанда ойлана жүрген абзал. Бүгінгі күнкоріс мәселесі күрмеуі күрделі сұрақты алға шығарды. Еліміз

осылай ұғу «ұлттық мінез» мазмұнын ашпайды. Бұл тұжырымнан «бір максатқа біріккен адамдардың (топтың, қауымдастықтың) ортақ белгілері жойылғанда «ұлттық мінез» де жоқ болады» деген қорытынды шығады. Ал өмірде «ұлт мінезі» жоғарыда аталған ортақ белгілер шеңберімен шектелмейді. Мысалы, «қазақы мінез», «орыс мінез» деген сияқты атаумен айтқанда, оны «ортақ белгілермен» емес, ұлттық ерекшеліктермен байланыстырамыз. Яғни, «мінез» маркстік анықтамаға қарағанда әлдеқайда тұрақты, тарихы тым тереңге кететін константа (бірлік). Олай болса, бізге Ұлт ұғымының өзге анықтамасын қабылдаған дұрыс. Сонда ұлт мінезіне қатысты ой қайшылығы жойылып, ұлт болмысын және оның мәдениетін тарихи тұрғыда тереңінен зерттеуге жол ашылады.

Кезінде дағыстандық атакты жазушы Расул Ғамзатовтың «Менің Дағыстаным» деген кітабы бүкіл Кеңес одағына таралды. Автор халқының аңыз-әңгімелерін жинап, оны авар халқының даналығы деп шебер тілмен баяндап берді.

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ МІНЕЗІ

жаһандануға қарқынды араласа бастаған сайын бізге көне соқпақтан шығу және жана бағытқа бет буру қажеттігі айқындалып келеді. Ол талап бойынша мемлекет саяси және экономикалық даму бағыттарын айқындауға, өзінің ұлт ретіндегі болмысын тануға, «ұлттық даму» форматын жана кезеңге сәйкестендіруге ұмтылады. Бірақ ол қалай қарай бара жатқан бағыт болады?

Бүгінде күрделі мәселелердің бірі — «Қазақта ұлттық мінез бар ма?» деген сұрақ. Себебі әрбір ұлт өз болмысы мен мінезінің қалыптасуының объективті және субъективті факторларын ұқпайынша, одан хабардар болмайынша өзін тануда «толық білімге» қол жеткізе алмайды. Сондықтан, қоғам ұлттық мінез қалыптасуының теориялық негіздері мен алғы шарттарын үнемі таразылап, біліп отыруға тиіс.

Біз осы уақытқа дейін «Ұлт» деген ұғымды бұрынғы маркстік-лениндік қалыпта — «Ұлт дегеніміз — тілі, мәдениеті, территориясы, мақсат-мүддесі, шаруашылығы ортақ (экономика деп ұғыңыз) адамдар тобы» деп келдік. Демек, олардың мінез-құлқы да бірегей болуы заңды деп түсіндік. Алайда «ұлт» ұғымын

Сол сияқты, біз де «қазақ елім» деп жырлай аламыз. Себебі біздің халықтың ұзақ тарихы, жүріп өткен жолы, даналығы, әдебиеті мен салт-дәстүрі ешбір халықтан кем емес. Тіптен бұл жағынан алғанда, қазақты ойшыл, арманшыл халық десек болады! Әрине, КСРО кезінде Қазақ кеңестік социалистік «халықтар лабораториясына» айналғандықтан, Ғамзатов үлгісіндегі ұлттық бағыттағы кітаптың жазылуы мүмкін емес еді. Енді еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ халқының даналығы туралы, оның философиялық негізі туралы іргелі еңбек жазуды ойластыра бастаған жөн. Себебі қазақ мемлекетінің дамуы түбінде қазақ ұлтының ұлттық мінезімен байланысты екені белгелі. Бұл әуел бастан анықталған ақиқат. Ал ұлттық болмысын, ұлттық мінезін қалыптастыра алмаған ұлт әр уақытта әлсіз. Ол — Отанын, жерін, елін қорғай алмайтындай шала күйде қалады. Халық та өз тағдырына алаңдамайды. Тіпті жастары да әкелеріндей ағаларын сойып салып, түк болмағандай жүре береді...

Әбдірашит БӘКІРҰЛЫ,
философ



Әуе байланыс

«Эйр Астана» әуе компаниясы Астана – Киев – Астана бағыты бойынша 2017 жылдың 1 маусымынан бастап қайтадан рейстер ұшыра бастайды.

АСТАНА-КИЕВ РЕЙСІ ҚАЙТА ЖАНДАНДЫ



Осыған орай Астана қаласындағы Marriott қонақүйінде компания салтанатты жиын өткізді. Мерекелік басқосуға «Эйр Астана» президенті Питер Фостер мен еліміздегі Украина істерінің уақытша сенімді өкілі Владимир Жиджора қатысты. «2017 жылдың 1 маусымынан бастап «Эйр Астананың» Астана мен Киев

арасында тікелей рейс ұшыруы — екі ел, компания және халқымыз арасында мәдени-гуманитарлық қарым-қатынасты және сауда-саттықты дамытуға жана мүмкіндік беретін болады», — деп астаналықтарды көне қаланы тамашалауға шақырды В.Жиджора. Әуе компания басшысы журналистердің сұрағына жауап берді. Астана-Киев бағытындағы рейстің қайта жандануына байланысты өткен жиында келген қонақтар арасында 2 билетке ұтыс

ойнатылды.


Енді аптасына 5 рет Airbus A320 және Embraer 190 ұшақтарымен елордалықтардың тікелей Киевке ұшуына болады. Эконом-кластағы билеттің бару-қайту бағасы — 104 391 теңге, бизнес-кластағы билеттің құны — 428 424 теңге болмақ.

Бәтуалы байлам

Қанат БОЗЫМБАЕВ,
энергетика министрі:

«Біз барлық мұнай өндіруші елдер сияқты «қара алтын» бағасының 30 доллар деңгейінде болмауына мүдделіміз. Өткен жылдың бірінші тоқсанын барреліне 30 доллармен аяқтаған едік. Биылғы бірінші тоқсанда компаниялар Brent маркалы мұнайдың бір баррелін 52 доллардан сатты. Бүгінде баға 51-52 доллар шамасында. Меніңше, қол қойылған келісім өз тиімділігін көрсетті. Қазақстан мүмкіндігінің әрі қажеттілігіне орай өз міндеттемесін орындайды»

Аптаның жанашыры



Николай АЛАДИН,
Ресей ғылым академиясы зоология институтының профессоры:

Ресейге қазір Арал тақырыбы керек болмай қалды. Мен дәл қазір дөңгелек үстелден шығып, институтқа барамын. Мені басылар зертхана меңгерушісі қызметімен алып тастайтын шығар. Өйткені, «Арал бізге керек емес, басқа шаруамен айналыс» деп маған үнемі ескерту жасайды. Бірақ осыдан қараңдар, мен Аралды бәрібір құтқарамын.

– Хангелді аға, газетіміздің өткен санында саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне орай Сіз басқаратын институтпен бірлесіп, алқалы жиын өткіздік. Сол кездесуде Батпаққара, Торғай, Созақ, Балқаш, Абдыралыда өткен көтеріліске қатысқандар өлі күнге дейін ақталмағаны туралы мәселе көтерілді. 59-баппен жазаланғандарға оң баға беруге нендей кедергі бар?

Сауалы

«Тасқазақтың»

Жауабы

Ханкелді ӘБЖАНОВ,
Шоқан Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының директоры:

– Қателеспесем, 1993 жылы қуғын-сүргінге ұшырағандары ақтау туралы құжат қабылданды. Сонда «Кеңес өкіметіне қарсы қолына қару алғандарға кешірім болмайды» – деп көрсетілген. Соның күшін жоюымыз керек. Бүгін ол кеңес өкіметі де жоқ. Оның қылмыскер өкімет екені анықталды. Қайта соны құлатуға атсалысқан азаматтарға «Халық батыры» деген атақ беру керек. Мен іссапарға шығып барамын. Келгеннен кейін сол құжатты тауып, 59-баппен жазаланғандарды ақтап алу бойынша тарихшылармен бастама көтереміз.



жасап, оның қызметкерлеріне газет ісін үйретуден де жалықпаған. Осыған бір дәлел: 1932 жылдың көктемінде ол Оңтүстікке командировкаға барады. Бұл кезде Мақтаарал ауданы жанадан ұйымдасып, онда орыс және казак тілдеріндегі газет шығару ұйғарылған екен. «Голос хлопковика» газеті шыға бастапты да казак тілінде газет шығаратын адам табылмай отыр екен.

Ілияс бұл жәйтті естіп, казак жастарын газет жұмысымен таныстырып, «алғашқы нөмерді шығарысып кетейін» дейді. Осылайша «Мақташылар үні» газетінің

Енді негізгі сауалға оралайық. Жансүгір сонау қияндағы Мақтааралға қалай келіп жүр? Сол тұста Аксуды да ашаршылық жайлайды. Алматыда тұра берудің реті келмеген соң Жансүгір Мақтаарал ауданында тұратын немере інісі Құсайынды іздеп келеді. Торғайдай тозған ел жан сауғалап әр жерге кетіп жатқанда өз аяғымен келген адамды канал қазушылардың бастығы Жансүгірден «кімнің әкесісін?» деп сұрамағаны белгілі.

Ілияс Мақтаарал ауданына келгенде әкесі Жансүгір о дүниелік болып кеткен екен. Көнекөздердің айтуынша, Жансүгірге осы ауданның ащы суы жақпапты. Өзі аш-жалаңаш адамға ащы су қайдан жақсын? Оның үстіне күні-түні бір толастамаған ауыр жұмыс ақынның әкесін титықтатқан да болар.

Кезінде «Красная звезда» совхозы кәсіподақ комитетінің төрағасы болған, бүгінде Мақтаарал аудандық ішкі саясат және мәдениет бөлімінің басшысы Перлеш Есенбеков қызмет бабымен көп адамдармен араласқанын айта келіп, көнекөздерден естуі бойынша Жансүгірдің бейіті «Бірлік» ауылының іргесіндегі көне мазаратта жатқанын айтады.

Кезінде Жансүгірдің қорымы басына барып та көрген екен. Бүгінде дәл қай жерде жатқанын тап басып айта алмайды. Өйткені, содан бері қанша уақыт өтті. Оның үстіне қорым аумағы айтарлықтай кеңіп, өзгерді.

Жыр қулагері, жазушы, аудармашы, журналист, сатирик, фольклорист, драматург Ілияс Жансүгіровтің әкесі Жансүгір Берсүгірұлы Оңтүстік Қазақстан облысына зұлмат заман зобалаңымен келіп, сүйегі осында

қалғанын тарих осылай дәлелдейді. Ал 1933-1936 жылдардағы Қазақ АКСР-і Орталық Атқару Комитетінің мүшесі Ілияс Жансүгіров 1937 жылы жалған саяси айыппен тұтқындалды. 1938 жылы ату жазасына кесілді. 1958 жылы ақталды.

Қазақ әдебиетінің барлық жанрына қалам тартып, елеулі туындылар берген әмбебап дарынның өмірі осылай тұйықталды. Замана запыраны әлі де халық жадынан өше қойған жоқ. Өшуі де мүмкін емес...

«Бірлік» ауылында көнекөз қариялар әлі де көп. Ауданның басқа да елді мекендерінде санасы сергек, құймақұлақ қариялар бар. Осылардың басын біріктіре отырып, Жансүгір

Жансүгір ауыл арасында айрықша зеректілігімен, білімдарлығымен көзге түскен жан. Ол негізінен ұсталықпен айналысыпты. Ауылдастарына үй шаруашылығына қажетті тұтыну бұйымдарын жасап береді екен. Ол жасаған ер-тұрман, әбзелдерге алыстан келіп тапсырыс беретіндер көп болған. Осы өнерінің арқасында азын-аулақ мал жинап, бірте-бірте орта шаруаға айналады.

Ілиястың бойына ақындық әкесінен ауысқан деседі. Жансүгірдің ұста болғанын жоғарыда айттық. Ол келіні Фатима Төребаевадан туған Саятты шапанына орап алып, үй маңында жүреді екен.



Сонда жолда жатқан сынық тағаны көрсе таяғына іліп алып, үйіне әкеле берген ғой. Бірде Ілияс жұмысынан үйге келсе, әкесі Саятты арқалап, қолындағы тағаны ұстап тұр екен. Мұны көрген Ілияс әкесіне жаны ашып: «Көке, баланы да, тағаны да жерге түсірсеңізші» демей ме? Сонда Жансүгір суырып салып: «Мені ешбір кинамайды басқа мұң, баланы да, тағаны да тастамаймын» депті. Сонда Ілияс күліп: «Пәлі, көке, сөз тапқанға қолқа жоқ, сіздікі дұрыс» депті.

Жансүгір ескіше хат таныған, казак ауыз әдебиетінің кисса-дастандарын көп жаттаған адам. Ол дастандарды ел аузынан жазып алып, насихаттап та жүріпті. «Ілиясқа ақындық әкесінен жұққан» деуіміздің мәнісі де осында. Жансүгірдің әкесі Берсүгір Кіндікқорған деген шоқы төбесінде ардагерлермен кеңес құрып отыратын, ауыл-аймаққа сыйлы азамат екен.

Ілиястың алғашқы жұбайы Фатима Төребаева «Социалистік Қазақстан» газетінде корректор болып жұмыс істеген. Газеттің бір нөмерінде «Ұлы Сталин» деген сөз «Ұлы Сталин» деп басылып кетеді. Сондағысы бір нокат қана. Осыдан бастап Фатиманы НКВД қызметкерлері қудалай бастаған. «Ұ» әрпінің орнына «У» әрпін қасақана қойдың» деп Фатиманың қыр соңынан қалмайды. Фатима айықпас дертке шалдығып, өкпе ауруының ашық түрінен қайтыс болады. Бұл Жансүгір әулетіне төніп келе жатқан кара бұлттың бірі ғана еді.

Ілияс анасынан тоғыз жасында айырылады. Сол тұста арабша хат танытын шығыс ақындарының өлеңдерін жатқа білген Жансүгір Ілиястың ақындық дарынын ерте танып, ұлының қаламының ұшталуына тікелей өзі бас-көз болыпты.

Ал Ілияс өмірге келерде үйіне Молықбай күйші соға кетіпті. Сонда Жансүгір: –Құрдас-ай, менің дүниеге келгелі жатқан тұңғышымның қуанышына ортақ бол. Сен сияқты халқым деп жүрегі ауырар ма екен? – депті.

–Баланның атын Ілияс қой. Қызыр Ілияс пірім сақтап, қолдап жүрсін, — депті сонда Молықбай күйші.

Сол Ілияс 25 жасқа толғанда әкесі оны Жәмилаға жегелей үйлендіреді. Ал Жәмиладан бала болмаған. Ілиястың Фатимадан тұңғыш ұл болатыны сондықтан.

...1931 жылы сталиндік репрессия халық арасында қорқыныш, үрей туғызды. Ел ішін ашаршылық жайлады. Қарапайым халыққа қиянат көп жасалды. Осы кезде Ілияс Жансүгіров Қазақстан Жазушылар одағы ұйымдастыру комиссиясының төрағасы еді. Алайда әкесі Жансүгірді Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданындағы канал қазу жұмысына қалай жібергені бізге түсініксіз. Сірә, әкесін алып қалуға Ілиястың да шамасы келмесе керек.

Келесі жылы Ілияс аштықтан ауып кеткен әкесін іздеп Мақтаарал ауданына келеді. «Қызылабад» және «Жаңа тұрмыс» ауылдарының арасындағы жонышқалықта отырып, Өскенбай Жұматаев деген кісіден жылқы жайлы әңгімелер жазып алады. Сол жылы «Жаңа тұрмыс» деген оқиғалы өлең жазды.

Профессор, көрнекті ғалым Темірбек Қожакеевтің 1990 жылғы «Жұлдыз» журналының №2 санында жарияланған «Журналист Жансүгіров» атты мақаласында «Ілияс жергілікті газеттерге қамқорлық

алғашқы нөмері Ілияс Жансүгіровтің қатысуымен жарық көреді. Осы алғашқы нөмерге Ілияс бас мақаланы өзі жазған. Жас қызметкерлерге газет жұмысының қыр-сырын үйретеді. «Мақташылар үні» газетінің алғашқы редакторы Әділбай Омаров. Бұл кісі Ұлы Отан соғысы жылдары (1943-1947) «Оңтүстік Қазақстан» газетінің редакциясын



басқарды. 1958-1964 жылдары осы басылымға қайта оралып, жауапты редакторы болды. Оның ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің Оңтүстікке жасаған сапарында серік болғаны жайлы көптеген еңбектерде деректер бар.

баба жатқан жерді нақты анықтау, басын қарайту бүгінгі ұрпақтың борышы деп білеміз.

Сабырбек ОЛЖАБАЙ,
жазушы

Пәтер «аңшылары»
(хикая)



Зейнеткер:
Полиций мен
нотариус үйге
келді,
Құш көрсетіп,
өлімге
сүйреледі!

Қылмыстық топ:
(Полиций,
Нотариус, Делдал)
Қаламызда
зейнеткер көп,
Іздеу сапар
ешкімі жоқ.



Алып-сатар:
Бағасы арзан,
Құжаты тастай.
Пәтер сатылады.



Орайы келген әңгіме

— Кенжеәлі аға, Алматы қалалық әкімдігімен немесе басқа мемлекеттік құзыретті органдармен дін мәселесінде бас қосып, бірлескен жұмыс атқарасыздар ма? Әңгімені осыдан бастасаныз.

— Бір елде, оның ішінде бір қалада тұрғандықтан, мәселе бәрімізге ортақ болғандықтан, мұндай бірлескен жұмыс керек. Өтіп те тұрады. Мәселен, жақында Алматы қаласының прокуроры Ғабит Миразов «Ашық есік» күнін өткізіп, көпшілікпен кездесті. Оған қала аудандары мешіттерінің имамымен бірге Ислам институтының басшысы ретінде мен де қатыстым.

— Ол жерде дінге қатысты қандай мәселе қозғалды немесе қозғай алдыңыздар?

— «Ашық есік» күні болғаннан кейін, расында ашық, еркін әңгіме өрбіді. Әсіресе, жастар тәрбиесіне байланысты. Соған орай, мен өзімнің баяндамада жастар, оның ішінде олардың киім мәселесіне қатысты ұсыныс білдірдім. Ол нендей ұсыныс десеніз, біз ақыры басқаға еліктегіш халықпыз, ендеше дұрыс нәрсеге еліктейік. Мәселен, дамыған Батыс мемлекеттері мен АҚШ-тағы колледждер мен мектептерде қыздардың киімінің етегі тізеден бір қарыс төмен болуы керектігі нақты заңмен бекітілген. Жалпы, ұзын етекті киім кию қыздың денсаулығына,

Дін тақырыбы қашан да өткір әрі өзекті. Сондықтан, Алматы сияқты алып шаһар үшін дін мәселесі басты назарда болуға тиіс. Осы орайда, газетіміз Алматыдағы Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасына қарайтын имамдардың білімін жетілдіру ислам институтының директорымен сұхбаттасқан еді.



Кенжеәлі МЫРЗАБАЙ:

ҚАЗАҚ УАХАБШЫ БОЛҒАН ЕМЕС

тәрбиесіне әсері бар. Ал оның ар жағында ұлт пен ұрпақ тәрбиесінің мәселесі тұр. Бұрын аруымыз қос етек көйлек киге, кейінгі кезде оны жоғалтып алдық. Соны қала мектептерінде,

«**Жастарымыз жат діннің жетегінде кетіп қалмауы, экстремистік және террористік әрекеттердің қатысушысы болып кетпеуі үшін білімді діндарлар, имамдар олармен жиі сұхбаттасуы қажет. Қала берді, мектеп пен университеттің мұғалімдерімен де дини тақырыпта жеке сөз қозғаған артықтық етпейді. Себебі оқушыға немесе студентке бұл тақырыпта бірдеңе айту үшін өуелі мұғалімнің дін тақырыбынан хабары болуы тиіс**

сол арқылы бүкіл елде заң арқылы қайта қалпына келтіру керек. Аталған кездесуде қатысқан Алматы қалалық білім басқармасының басшысы Рахат Шимашева шаһар мектептерінде киім үлгісін бір жүйеге келтіргенін, әйтсе де менің ұсынысымды да назарда ұстайтындығын айтты.

— Алматыда 17 діни конфессия бар екен. Сұрамағым, басқа діни бірлестіктермен «бір жағадан бас, бір жеңнен» қол шығарып тұратын кездеріңіз бола ма?

— Қалалық әкімдікте терроризм мен экстремизм жөніндегі комиссия жұмыс істейді. Мен де соның бір мүшесімін. Сол комиссияның жұмысына байланысты христиан, католик және басқа да дін өкілдерімен тоқсанына бір рет бас қосып, діни ахуалға қатысты мәселені талдап, талқылап тұрамын. Бұл — қала әкімдігімен тікелей жасап жатқан жұмысымыздың бірі.

— Онүстік өңіріміздің астанасында қанша мешіт бар? Олардың жұмысы қай деңгейде?

— Ұзын-ырғасы елуге жуық мешіт бар. Миллионнан астам тұрғыны болғаннан кейін мұнда талап күшті. Мешітке келуші жамағат та көп. «Мәдени орталық» деген атымыз тағы бар. Әрине, имамымыз да сол деңгейден көрінетіндей мүмкіндікке ие деп айта аламын. Мүмкіндігіңше жұмыс істеп жатыр. Тіпті қала мешіттері түрлі спорттық шара өткізіп, оған қатысуға жамағатты да тартып тұрады. Өйткені, бұл да діни бірлікті бекем ету үшін керекті шара.

— Дін жолында аласып, жат жерден «жиһад» іздеп кеткен отандастарымыз көп-ақ. Олардың мұнысы қателік пе, қылмыс па?

— Қарақөз бауырларымыздың, отандастарымыздың басқа елге дінді қолдаймыз, жиһад жасаймыз деп барғаны, әрине, қателік. Кейіннен олардың біразы қателескенін, басқаның саяси ойын құралына айналып теріс жолға түскенін

мойындап, елге оралып ағайынынан, теледидар арқылы халықтан кешірім сұрап та жатты. Дегенмен, қолына қару алып жат елде өзге мұсылманмен соғысқаннан кейін, мемлекетіміз ғана емес, қарапайым халықтың өзі олардың ортаға қайта оралған соң түзеліп кетеріне кішкене күмәнмен қарайды. Өйткені, «жиһад» іздеп шекара асып жатқандар 14-15 жастағы балмағатқа толмаған, он-солын әлі тани қоймаған бала емес. Көпшілігі 20 мен 30 жас аралығындағы ақыл тоқтатқан жігіттер.

— Сақал қойып балақ қырку мен тұмшаланып қара киінуге тыйым салу ұсынысы Елбасыға дейін жеткен мәселенің бірі. Қажетті шара деп санайсыз ба?

— Ислам діні ешкімді ешқашан басқа елдің салт-дәстүрін ұстансын, киімін киісін деп мәжбүрлемейді. Қандай да бір жаналыққа бейім болу адамның табиғатына тән. Мысалы, дінді бірінші болып кімнен теріс үйренсе, ол адамда солай қалыптасып қалады. Оған бүгінгі жағдай дәлел. Қыз-жігіттеріміз, иә, дінді ізденді. Бірақ дұрыс ұстазға

жолықпағаны да болды. Мен олардың көбін рухани әлсіз, бойында қазақи дұрыс тәрбиенің іргетасы қаланбаған деп ойлаймын. Әйтпесе, осылайша бірден беріліп кетпес еді. Сондықтан, шетелге барып дінді оқитын жастардың бойында өуелі ұлттық құндылығы, қазақи тәрбиесі, Отанды сүю, ата-ананы құрметтеу секілді өзімізге тән түсініктің іргетасы болуы тиіс. Сонда олар қай елге барып білім алса да, теріс жолға түсіп, басқа тәрбиенің жетегінде кетпейді.

Әрине, тұмшалану секілді табиғатымызға жат дүниеге баруына тоқтау қоюда заңдық шара, үгіт-насихат жұмысы қажет. Енді Елбасының Бас мұфтимен, имамдармен кездесуде айтқан мұндай сөзін «шаш ал десе, бас алудың» керіне салып кетпей, нені айтқысы келгенін дұрыс қоғамға түсіндіруіміз, жеткізуіміз керек. Өйткені, айтылған бір ауыз сөзден әркім әртүрлі мағына тауып алып, бұра тартуы ғажап емес. Бәлкім, білместіктен сақал қойып, балақ қысқартқан ұлдар мен бет-аузын тұмшалаған қыздарды бірден қудалауға да болмайды.

Қалай десек те, мұның бәрі білімсіздіктен. Оларды «балағын тобықтан жоғары болмаса тозаққа кіресін» немесе «сақалың неғұрлым ұзын болса, соғұрлым сауабы көп» деп сананы уаулада. Бұлар шариғаттың біз ұстанатын сүннит бағытына сәйкес келмейді. Егер елімізде әркім әртүрлі дінді ұстанатын болса, ешуақытта бірлікке келе алмаймыз. Дау-ламайы бітпейтін мемлекетте, жамағатта

ешқашан тыныштық болмайды.

— Дін істері және азаматтық қоғам министрі Нұрлан Ермекбаев үкіметте 2017-2020 жылдарға арналған дін саласындағы мемлекеттік саясаттың тұжырымдамасын таныстырғанда «Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының жүйесінде радикалды діни ойлардың таралуына қарсы тұруға қауқарлы білікті діни қызметшілер жеткіліксіз» деген сын айтып қалды. Бұған нендей уәжіңіз бар?

— Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы 1990 жыл басында іргетасын қалады. Яғни қаламын тәуелсіздікпен бірге енді нықтап келеді. Еліміз бойынша 6 мыңдай имам бар. Олар білімді, білікті, ел арасында беделді болуы үшін Имамдардың білімін жетілдіру институтында тек діни емес, дүниеуи пәндерге де оқытамыз. Қазіргі ғимаратымыздың мүмкіндігі әрі кетсе, 80 адамды қабылдауға жетеді. Екі айлық курсқа қазіргідей 80 емес, бірден 200-300 шамасында имамды қабылдайтын ғимарат болса дейміз.

«Дегенмен имамның білімі жеткіліксіз», деп бәрін жокқа шығаруға да болмайды. Орталық Азия, дәлірек айтсақ, еліміздегі діни білім беру жүйесінде әліде болса, біркелкілік пен жүйелілікті нығайта түсу керек. Білімді ата-бабаларымыз оқыған, салт-дәстүрімізге жақын кітаптардан іздеуге тиістіміз. Шетелден немесе ғаламтордан сәләфизм немесе уахабизм секілді басқа ағымды оқып алып, мешітте имамдармен сөз таластырып жатқандар, шынына келсек, білімсіздер. Имам олармен жатып тұрып «төбелесе» алмайды, қатты айта алмайды. Ол үшін имамды кінәлауға болмайды. Себебі діни басқармаға мемлекет тарапынан көмек берілуіне жол ашатын бір заң немесе заңның тармағы болса, соның өзі имамдарға үлкен демеу, жәрдем болатын еді.

— Пайғамбардың «ең кемелденген ғасыр — менің ғасырым, одан кейін келетін ғасырларда дін бұзылады» деген сөзі бар екен. Қазір сол дін бұзылған ғасыр емес пе?

— Қай салада болсын, сапа бірінші кезекте тұрады. Мойындау керек, біздің дін саласында сапа баяғыдай емес. Жастарымыз жаппай білімге ұмтылып жатқан шығар. Бірақ рухани байлығымыз қай деңгейде деген мәселе аландатады. Өйткені, баяғы ашаршылықта, жоқтықта, тар заманда, соғыс уақытының өзінде әжелеріміз 10-15 құрсакқа дейін көтерді. Қиын-қыстау кездің өзінде ұрпағына дұрыс тәрбие берді. Бүгінгі ел қамын жеп жүрген ел ағалары сол тар заманда әжесінің түзу тәрбиесін алғандар. Ал енді біз қазіргі жастарға, балаларымызға сондай қазақи таза, рухани бай тәрбие беріп жатырмыз ба? Әй, қайдам?.. Компьютердің алдында отырса, қарны тоқ болса, жыламаса болды дегенмен шектеліп барамыз.

— Жақында діни басқарма «Жаназ және жерлеу рәсімдері» деген кітап шығарды. Жаназ дастарханы да жарысқа түсіп бара жатқан мына заманда керекті нәрсе. Бірақ ондағыны елге жеткізу, мойынсұндыру қалай болмақ?

— Бұл өте өзекті мәселе. Негізінде, қайтқан адамның тірілерде (*тірі адамдарда*) төрт ақысы болады. Имам, молдалар бастап төрт нәрсемен міндеттіміз. Бірінші, қайтыс болған адамның мәйігін жуу. Екінші, оны ақырет киімін кидіріп дайындау, қазақта ақ кебінге орау деп жатамыз ғой. Үшінші, жамағат болып сапка тұрып, жүзді құбылаға бұрып жаназа намазын оқу. Төртіншісі, оны апарып жерлеу. Осы төртеуі орындауға жататын шариғат талабы. Соларды атқарған кезде қауым Алланың алдындағы, қайтыс болған адамның алдындағы міндеттен құтылады. Мал соя ма, жай ғана шөлпек пісіре ме, дұға оқып қоя ма, қалғанының бәрі тірілердің еркіндегі дүниелер. Өйткені, Алла тағала Құранның «Бақара сүресінде» «Дінде зорлық жоқ» деген. Алла тағала еш уақытта Өзінің пендесін қиындыққа бұйырмайды. Ислам, былайша айтқанда, жеңіл дін. Пенденің барлық

Шетелге барып дінді оқитын жастардың бойында өуелі ұлттық құндылығы, қазақи тәрбиесі, Отанды сүю, ата-ананы құрметтеу секілді өзімізге тән түсініктің іргетасы болуы тиіс. Сонда олар қай елге барып білім алса да, теріс жолға түсіп, басқа тәрбиенің жетегінде кетпейді

ісінде, құлшылығында Алла оған жеңіл жолды көрсетіп отырады. Енді пенде кейде істі өзіне қиындытып алуы мүмкін. Жаназа намазында әртүрлі астарды беру, бейіт басын қымбат тастармен көтеру, оған қыруар қаржы жұмсау шариғатымызға сәйкес келмейді.

Сұхбаттасқан Сәкен ОРЫНБАСАРҰЛЫ

Тиімді жүйе

Мемлекет пен азаматтардың информациялық технологияның көмегімен бірыңғай жүйе арқылы

жұмыс істеуі мемлекеттік мекемелердегі кезекті азайтуға септігін тигізді. Анықтама, куәлік, рұқсат беру құжатын алу процесін жеңілдетті. Бүгінде салық пен айыппұлды төлеуде оңтайландырылған. Бұл жұмыстың бәрі «электрондық үкімет» арқылы жүзеге асырылады.

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚЫЗМЕТ: ЖЫЛДАМ ӘРІ ҚОЛЖЕТІМДІ



«Электрондық үкімет» идеясы ең алғаш Елбасының 2004 жылғы «Бәсекеге қабілетті Қазақстанға, бәсекеге қабілетті экономика, бәсекеге қабілетті ұлт!» Жолдауында айтылған болатын. Содан бері елімізде «Электрондық үкімет» мемлекеттік бағдарламасы қалыптаса бастады.

Оны іске асыру үшін 2006 жылы Қазақстанның электрондық үкімет порталы іске қосылды. Бүгінде электрондық қызмет отандастарымыздың тарапынан үлкен сұранысқа ие. Сондай-ақ көрсетілетін мемлекеттік қызмет түрінің де саны күннен-күнге артып келеді. Бұл оның тиімділігін арттырады. Сонымен қатар қағазбастылықтан арылтып, қала тұрғындарының жұмысын жеңілдетеді.

Порталда жылжымайтын мүлік, отбасылық қарым-қатынас, білім, мәдениет, жұмысқа орналастыру және жұмыспен қамту, әлеуметтік қамтамасыз ету, транспорт, денсаулық сақтау, туризм сынды адамға ең қажетті салаларда әрдайым электрондық қызметтің жана түрі ашылып отырады. Бұл порталдың көмегімен мемлекеттік мекемелерге қатысты күнделікті мыңға жуық мәселені шешуге болады. Порталды қолданушыларға 242 интерактивті және транзакциялық қызмет ұсынылады. Бұған мемлекеттік қызмет көрсетудің 196 түрі мен мемлекеттік алымның 20 түрін төлеу кіреді. Мемлекеттік баждың — 17, салық төлемінің 3 түрі, сондай-ақ жол ережесін бұзғандарға салынатын айыппұлды төлеумен өзге төлемдер осы санатқа жатады.

Порталдың қызметін қолдану үшін тіркелу керек. Бұл ретте қолданушылық келісімді қабылдап, жеке идентификациялық нөмірді (ЖИН) енгізіп, құпия сөзді ойлап тапсаңыз болғаны. Сонымен қатар кейбір қызметтерге қол жеткізу үшін электрондық сандық қолтаңба (ЭСҚ) қажет.

Электрондық сандық қолтаңбада қолданушыға қатысты барлық ақпарат бар. Жеке куәліктің жана түрі шыққалы бері ЭСҚ-ны пайдалануды және сақтаудың жана әдісі пайда болды. Бұл өз кезегінде жылдам әрі дер уақытында портал қызметін пайдалануға септігін тигізіп отыр. ЭСҚ-ны жеке куәліктегі чипке жазып алу арқылы ғаламторға қосылған кез келген компьютерде «электрондық үкіметтің» қызметін қолдана аласыз. Ол үшін жеке куәлікті арнайы құрылғыға қойсаңыз болғаны. Ал жеке куәлік жоғалып қалған жағдайда, ЭСҚ арнайы PIN-кодпен қорғалған.

Электрондық сандық қолтаңбаны жеке куәліктің чипі мен флешкаға жүктеп алу үшін «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ бөлімшелеріне бару керек.

Елімізде «мобильдік үкімет» жобасы да қарқын алып келе жатыр. Миллионнан астам отандасымыз мемлекеттік қызметтің осы түрін белсенді түрде қолдануда. Ел азаматтарының мемлекеттік мекемелермен байланыс орнату мүмкіндігі артып келе жатыр. Сол байланыс орнатудың негізгі бір құралы қызметті мобильдік форматта алу. Телефон, смартфон, планшеттің көмегімен мемлекеттік қызмет алуға болады. Ол үшін халыққа қызмет көрсету орталығы, egov.kz порталы арқылы «мобильдік үкіметке» тіркелу керек. Сондай-ақ Android немесе iOS операциялық жүйесінен мобильдік бағдарламаны жүктеп алуы керек.

Мобильдік форматтағы мемлекеттік қызметке мобильдік бағдарлама мен SMS арқылы қол жеткізуге болады. Ол үшін 414 қосқа нөміріне қандай қызмет керек екенін жазып, хабарлама жіберу қажет.

Бүгінгі таңда порталда көрсетілетін мемлекеттік қызметті оңтайландыру мен жақсарту бойынша әрдайым жұмыс жүргізіледі. Оңтайландыру барысында бірнеше қызметті біріктіруге мүмкіндік ашылды. Мәселен, бұрын бала дүниеге келген кезде азаматтық хал актілерін тіркеу (АХАЖ) бөлімдерінің қызметіне үш рет жүгінуге тура келсе, қазір соның барлығы бір қызметке біріктірілді. Яғни баланың туғанын тіркеу, әлеуметтік жәрдемақы алу, балабақшаға кезекке қою сынды маңызды жұмыс бір бағранда шешіледі.

Бүгінде порталдың танымалдылығы отандастарымыз тарапынан жылдан-жылға артып жатыр. Әсіресе Алматыда. Қала тұрғындары арасында «электрондық үкімет» порталы арқылы көрсетілетін қызмет үлкен сұранысқа ие. Қала әкімдігінің құрылымдық бөлімшелерімен портал арқылы 39 қызмет көрсетіледі.

Алматы қаласы әкімі аппаратының мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді бақылау және ақпараттық технологияларды дамыту бөлімімен жүргізілген есеп қорытындысы бойынша, 2016 жылдың 5 айымен салыстырғанда, 2017 жылдың 5 айында қарқынды өсім байқалды. Осы жылдың алғашқы 5 айында портал арқылы көрсетілген қызмет саны — 456 мыңға жетті. Тек мамыр айында порталдың көмегіне 146 мың адам жүгінген. Бұл өз кезегінде порталдың дәріптеліп, ел арасында біршама үлкен сұранысқа ие болып келе жатқандығының бірден-бір дәлелі болып табылады.

Арызды электрондық түрде беру бүгінгі таңда өте қолайлы. Себебі бір жерден екінші жерге баруға уақыт бола бермейді. www.egov.kz порталынан көрсетілетін мемлекеттік қызмет туралы барлық ақпаратты табуға болады. Кезекке тұрып, сарсаңға түскенше жұмыста болмаса үйде отырып, анықтаманы онлайн түрде алып, мемлекеттік баж салығында төлей аласыз. Жалпы уақыт үнемдеуді айтпағанда, электрондық қызметтің басым тұсы жеткілікті. Басқаша айтқанда, электрондық үкіметтің көмегімен жеке идентификациялық нөмір болса лицензия толтырып, коммуналдық қызмет пен айыппұлды онлайн түрде төлеуге болады. Тіпті көсібіңізді тіркеп, 10-15 минуттың ішінде анықтамала аласыз. Баланыздың балабақшаға кезегі туралы ақпаратты кез келген уақытта білуге мүмкіндік жасалған. Осыған орай Алматы қаласының тұрғындарын интернет-ресурстарын белсенді қолдануға шақырамыз. Себебі электрондық қызмет бұл мемлекеттік қызмет көрсетудің жана түрі.

Марлен КАСЕНОВ, Алматы қалалық әкімдігі мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді бақылау және ақпараттық технологияларды дамыту бөлімінің жетекшісі

Түйткіл

— Өзің білесің ғой үшінші рет шаңырақ көтердім. Бірінші әйелден бір ұл, бір қыз қалды. Екінші әйелден егіз ұл, — деп күректтей алақанымен иегін сипап қояды, — алдыңғы жылдары алимент төлегенмін. Бірақ үшінші рет өне бір әйелмен дәм-тұзым жараскалы қиын болып жүр. Тапқанымын жартысы алиментке кетеді де, жана шаңыраққа әкелетінім азайды. Сосын мұның да қабағы үтіктелмеген шалбар құсап қырыс-тырыс.

КӨЗТАНЫСЫҢНЫҢ КӨП БОЛҒАНЫ АЛДЫНА ІСІҢ ТҮСІП БАРСАҢ ЖАҚСЫ, АЛ ӨЗІҢДЕ ӨТІНІШ АЙТЫП КЕЛСЕ, ЖАМАҢ ЕКЕН. СОҢҒЫ КЕЗДЕ СОЛАРДЫҢ АТ ІЗІН САЛУЫ, ӨТІНІШ АЙТУЫ КӨБЕЙГЕН. ҚҰДДЫ МЕН БІР ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫРУ БЮРОСЫ СИЯҚТЫМЫН. ҚОНЫСБЕК БІР ЖЫЛДЫҢ ІШІНДЕ ТӨРТ ӨЛДЕ БЕС РЕТ СОҚТЫ. БІР-АҚ МӘСЕЛЕ. ЖҰМЫС ТАУЫП БЕРШІ ДЕЙДІ. ЖҰМЫС БОЛҒАНДА ДА РЕСМИ ОРНАЛАСАТЫН ЕМЕС, ӨЛДЕКІМНІҢ ЕШБІР ҚҰЖАТ ТОЛТЫРМАЙ ІСТЕТЕТІН ЖҰМЫСЫ. ТАУ ҚОПАРЫП, ТАС ЖАР ДЕСЕ ДЕ ДАЙЫН. ТЕК АҚЫСЫН ТӨЛЕСЕ БОЛДЫ. ЕШБІР ҚҰЖАТСЫЗ, ЗАҢСЫЗ.

ҚАЛТАЛЫ «КӨКЕК» ӘКЕ



СОЛҚЫЛДАҚ СОТ ОРЫНДАУШЫСЫ

Қонысбек айтса айтқандай, алимент төлегісі келмейтіндер аз емес екен. Ақмола облысында бүгінгі күні 11 мыңдай бүлдіршінге төленетін әкелердің қарызы жарты миллиард теңгеден асып жығылыпты. Осы арада екпін түсіріп айта кететін бір жай — адамның ар-ұяты азайған сайын сот орындаушысы мен құқық қызметкерінің бас ауруы өрши түсетін тәрзіді. Шынын айту керек, қарызға белшесінен батқандар арасында маскүнемдікке салынғандар көп. Әйтпесе, екі қолға бір күрек таба алмай тентіреп жүргендер де аз емес. Сот орындаушысы миллионды беріп жүрген кәсіпкер де алимент төлемей айдалаға қашып жүр. Оны айтасыз, лауазымды тұлғалар да кездеседі.

— Осы мәселені түпкілікті зерттеп, түбегейлі талқылау үшін арнайы бес қызметкерді бөліп, сот орындаушылардың қоржынында жатқан 1640 істі іріктеп алдық, — дейді Көкшетау қаласының прокуроры Арман Ризанов. — Сол сараптауды жасау кезінде белгілі болғаны алимент төлемейтіннің

700-і жұмыс істейді. Жұмыс істеген соң ай сайын тұрақты жалақысын алып тұрады. Ал 113 адам көрсетілген мекенжайында тұрмайтын болып шықты. 153 борышкер басқа облысқа көшіп кеткен. Енді олардың алимент төлеу жайын сол тұрғылықты жердегі сот орындаушысы айналысу керек. Осы арада мынадай шетін мәселені де айта кету керек шығар. Ең сорақысы сол, шаң басқан сот орындаушысының папкасында жатқан 105 іске қатысты борышкерлер бұл дүниеден әлдеқашан өтіп кеткен болып шықты.

Міне, осындай сараптамадан нені байқауға болады? Алдымен сот орындаушысының өз жұмысына мүлдем жауапсыз қарайтындығы тайға таңба басқандай көрініп тұр емес пе! Тұрақты жалақысы бар 700 әке осы күнге дейін қалайша алимент төлемей жүр? Ал оларды мәжбүрлейтін тетік аз емес. Мәселен, борышкердің дүние-мүлкін тәркілеп, есепшотын жауып тастаудан бастап, шетелге шығуына тыйым салуға дейін әртүрлі шара қолдана алады. Солай бола тұра, өзінің мол мүмкіндігін сарқа пайдаланбай, алимент бойынша қарызға батқанды тәртіпке шақыра

Демек, ақшаны таба алатын мүмкіндігі болып тұр. Анығында, ақшасының бар-жоғы адами қасиеті, мейірімі, бауыр еті балаларына деген махаббатына байланысты.

Қала прокурорының өкінішпен айтқан өзекті мәселесі жөніндегі уәжін зер салсақ, борышкерлер арасында, тіптен лауазымды қызмет істейтіні де, қала халқына есімі жақсы таныс кәсіпкер де бар екен. Демек, қарыздың қордалануы жұмыстың жоқтығынан емес. Сол бизнесменнің бірін біз де жақсы танымыз. Бір ақылға сыймайтын жері осы кісі кей-кейде жетім-жесірге қарайласып, атымтай жомарт атанып жүр. Ал өз баласына түстік асына жұмсайтын теңгесін қимайды.

Сот орындаушысының алименттен басқа да ісі толып жатыр. Дегенмен, қала прокурорының жекелеген сот орындаушысына тек алимент қарызын өндіру ісін беру дұрыс деген пікірімен келісуге болар еді. Осындай жағдайда ғана сот орындаушысы тікелей алимент қарызымен ғана айналысып, осы саладағы қордаланып қалған мәселені шешуге маманданады. Прокуратура ардагерлері кеңесінің мүшесі Оңғар Сүлейменов алимент төлеуден ат-тонын ала қашып жүрген

«көкек» әкелердің аты-жөнін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялап, абыройын айрандай тәуір керек деп есептейді.

— Мүмкін сонда ғана әлгі борышкер өзінің ағайын-туысынан, тамыр-танысынан уялып, көптің көзіне көрінуден қалып, ар-ұяты оянар ма еді, — дейді ақсақал, — тіпті суретімен де басса, тәуір болатын шығар.

Осы арада бір айта кететін дүние қолданылатын шараның қай-қайсысы болсын тиімді болса, еш артықтығы жоқ. Әйткенмен, алимент өндіргеннен соған жол бермеген, яки, алдын алған әлдеқайда жақсы. Әйтпесе, соңғы кездері статистикалық мәліметті сараптасаңыз, алимент төлеушінің қатары жылдан-жылға өсіп келе жатқанын көрер едіңіз. Демек, ажырасушы көп. Шаңырақ шайқалып жатыр. Көкшетау қалалық азаматтық хал актісін жазу (АХАЖ) мекемесінің мәліметіне көз салатын болсақ, өткен жылы шаңырақ көтергеннің 60 пайызға жуығы ажырасып кеткен екен. Яғни әрбір екінші жұп деген сөз. Міне, осы ажырасушы борышкер қатарын көбейтіп отыр. Мәліметтерге мән беріп бағамдасақ, ажырасушының дені үйленгеніне жыл толмаған жастар. Осы арада жастардың өз алдына отау құрып, шаңырақ көтеруге дайын еместігі де соқырға таяқ ұстатқандай көрініп тұр. Оны айтасыз, Ақмола облыстық ішкі істер департаментінің мәліметінше, өткен жылы отбасында зорлық-зомбылық көрген 1330 әйел полицияға шағымданған. Отбасындағы зорлық-зомбылық кішкентай шаңырақтың аясынан шығып, мемлекеттің өзекті мәселесіне айналып бара жатыр. Мұндай отбасыдағы баланың болашағы туралы айтудың өзі артық.

— Осы шетін көріністің негізгі өзегі, ұлттық салт-дәстүріміздің мәйегінен мән кеткендігінде, — дейді ел ақсакалы Алдаберген Қайсанов, — шынын айту керек, біздің солтүстік өңірдің жастары ұлтымыздың ұлағатынан ажырап бара жатыр. Қазір қыздың қайтып келуі тансық емес. Бұрынғы заманда елде осындай бір оқиға болса, «мал құлағы саңырау» жұрт өре түрегелер еді. Әке-шешесі жерге кіріп кете жаздайтын. Қазір шешесінің өзі қызына дем беріп отыр. «Ішме сыйған қызым, сыртыма сыяды» — дейді. Сосын барған жерінің бірденесі ұнамаған қыз қайтып келмегенде кайтәді. Шіркін-ай, бағьла елдің үлкендері «қайтып келген қыз жаман» — деп көзін шұқып отырушы еді.

Бесіктен белі шықпай жатып, үйдегі кикілжінді көріп, әке мен шешенің небір «тұздың» ащы сөзін естіп өскен ұрпақ күні ертен не болады, тәлімі қандай, тәрбиесі қайда?

Баланы қорғау — болашақты қорғау. Тұтас, жалпы жұрт осындай болмағанымен, осы көріністің өзі аз емес. Сынықтан басқанын бәрі жұғатынын ескерсек, аз дүниенің өзі етек жайып кетіп, ие бола алмай қалып жүрмейміз бе. Бір сәт ойланайықшы!

Байкал БАЙӨДІЛОВ,
Ақмола облысы

Ұлт болашағы

«Тәрбиеулеу дегеніміз — халықтардың бойына білімге негізделген

этикалық игіліктер мен өнерлерді дарыту деген сөз», — деп Әл Фараби айтқандай, тәрбие үздіксіз жүзеге асырылса ғана нәтиже береді. Жастар тәрбиесінің тиісті дәрежеде жүргізілуіне бағыт-бағдар беретін мемлекеттік дәрежедегі құжаттар да тәрбие бөрудің өте маңызды шара екенін көрсетеді. Тәрбие бүгінгі күні отбасы мен білім беру мекемелерінің ғана міндеті емес, тәрбие — бұқараның бірлесіп атқаратын ісі.

Заман талабына сай Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде бұған дейін Жастар саясаты мен әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректоры басқаруындағы әлеуметтік тәрбие жұмысының департаменті 2012-2013 оқу жылынан бастап әлеуметтік және азаматтық даму департаменті болып атауын өзгертті. Департаменттің атауы өзгергенмен, әрине, ол атқаратын жұмыс тікелей оқу орнындағы тәрбие саласына негізделген. Оның жұмысын үйлестіруші — әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор болып табылады. Жас буынды жақсылап тәрбиелеу қай заманда болмаса да басты назарда болған. Ұлама ғалым, өнер мен білім қамқоршысы, озат ойлы Әл Фарабидің: «Тәрбиесіз берген білім — адамзат баласының қас-жауы» деген пайымдауы қазіргі таңда да өміршендігін жойған жоқ. Елбасы Н.Назарбаев та барлық Жолдауы мен бағдарламасында, жалпы әр еңбегінде Қазақстан жастарының білім, тәрбие мәселесін назардан тыс қалдырған емес. Осыған орай: «Бүгінгі өскелең ұрпақ нағыз білімді, жан-жақты дамыған, бірнеше тілді

менгерген, нағыз өз елін сүйетін, ұлтжанды азамат болуы керек», — деп, атап өтті ел Президенті Н.Назарбаев «Жана әлемдегі жана Қазақстан» атты Жолдауында. Ұлт болу үшін, елдігімізді сақтау, жерімізге ие болып қалу, тілімізді, дінімізді, мәдениетімізді сақтап қалу үшін бүгінгі жастарға жан-жақты тәрбие берілуі қажет. Себебі ұлт болашағы — жастар, бүгінгі өскелең ұрпақ. Сондықтан дұрыс тәрбиемен сусындаған, адал, ұлтжанды, сонымен қатар басқа ұлт өкілдеріне сыйластықпен

ЖАСТАР ТӘРБИЕСІ БАСТЫ НАЗАРДА

қарайтын, парасатты ұрпақ тәрбиелеу — баршамыздың басты парызымыз екені айdan анық. Отансүйгіштік тәрбиесіне ерекше мән беріп, келешек ұрпаққа туған жері мен елі алдындағы перзенттік парызын түсіндіруге, туған өлкесіне деген сүйіспеншіліктері мен мақтаныш сезімдерін арттыруға, жастарымызды ұлттық намысқа, қайталанбас ерлікке тәрбиелеу жолында батырларымызды, би-шешендерімізді, ғұлама ғалымдарымыздың өнегелі өмірін жас

ұрпаққа үлгі етіп, туған жеріміздің қадір-қасиетін ұғындыру — баршамыздың қасиетті борышымыз», — деген болатын. Жас ұрпақты елжандылыққа тәрбиелеп, мемлекетіміздің өркендеп, өсуіне жауапкершілік сезіміне тәрбиелеу — Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің тәрбие саласына қатысты негізгі ұстанымдарының бірі. Бұл орайда

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің барлық факультеттерінде тәрбие жұмысы түрлі тақырыптарда, түрлі формаларда іс-шаралар ұйымдастырылып өтіп тұрады. Ол шаралар туралы ақпарат факультет сайтында, «Еуразия университеті» газетінде және республикалық өзге де басылымдарда қаламы ұшқыр факультет студенттерінің өздерінің жазуымен жарыққа шығып тұрады. Университет табалдырығын алғаш аттаған студенттер қауымы ең алдымен Култегін ескерткіші, «Жазу» мұражайы, Л.Н.Гумилев мұражай-кабинеті, «Отырар» кітапханасы сынды мәдени орындармен танысқан соң, одан әрі көбіне топ болып Астананың түрлі мәдени ошақтарында өткізілген іс-шараларға барып тұрады. Университет студенттерінің жақын танысуы үшін 2007 жылы Ақмола облысына қарасты Целиноград ауданының орталығы Ақмол ауылында Қазақстан Президенті Нұрсұлтан

Назарбаевтың тікелей атсалысуымен ашылған «АЛЖИР» саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандары мұражай-мемориалдық кешеніне топ кураторларының арнайы экскурсиялар ұйымдастырып отыруы жолға қойылған. Көптен ансап күткен тәуелсіздіктің қадірін ерекше бағалай білу сияқты асыл қасиеттерді жастардың бойына сіңіру үшін Тәуелсіздік күні қарсаңында елордада, университетте өткізілетін шараларға аса жоғары маңыз беріліп, білім алушыларды сол шараларға барынша мол тартуға талпыныс жасалады. Бұған қоса, 2012 жылы тағайындалған 1 желтоқсан жарқын өмірдің, тәуелсіз еліміздің мәртебесін асқақтатқан тұңғыш Президентіміз Н.Назарбаевтың күніне орай еліміздің барлық аймақтарында түрлі мәдени, ғылыми іс-шаралардың өткізілгені белгілі. Солардың қатарында Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде де атаулы мерекеге байланысты түрлі шаралар ұйымдастырылды. ХХІ ғасырға лайықты, елін сүйген патриот тұлға қалыптастыру мен дамыту жолында Қазақстанның

жетістікке қол жеткізген азаматтарымен, тарихи тұлғалармен, батырларымен кездесулер ұдайы ұйымдастырылып тұрады. Мәселен, батыр ұшқыш Талғат Мұсабаев, елтанба авторы Ж.Мәлібеков, мемлекет қайраткері, ғалым М.Жолдасбеков, ғалым Ғ.Есім, белгілі әнші-актер Н.Әлімжанов, Д.Елеусинов, В.Левит, Мәжіліс депутаты Б.Тілеухандардың қатысуымен болған кездесулерге студенттер қатысты.

Гүлжаухар БОЛАТОВА,
журналистика және саясаттану факультеті деканының студенттермен жұмыс жөніндегі орынбасары





www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Кәсіпкерлікке өріс кең

ҚАЛДЫҚ ТА КӨДЕГЕ ЖАРАЙДЫ

Заман көші алға озып, экономика өркендеген сайын өндірісті дамытпаса, ел тірлігі алға баспайтыны белгілі. Қазір әлемде индустриалдық кезең басталды. Өзінің индустриалдық бағдарламасы арқылы жаһандық экономикадағы беделін бекемдей білген Қазақстан көштен қалмауды басты назарда ұстап келеді. Еліміз индустриаландыру картасын жүзеге асырып, соңғы екі жылда 550-ден аса кәсіпорынды іске қосып, 100 мыңнан аса жұмыс орны ашылды. Нәтижесінде, ел қазынасына еселеп табыс келді. Енді алдағы уақытта «Жасыл экономиканы» жүзеге асыру арқылы жағдайды жақсарту көзделген. Есептеулер бойынша, 2050 жылға қарай «Жасыл экономика» шеңберіндегі жанартулар жалпы ішкі өнімді (ЖІӨ) 3% қосымша ұлғайтып, 310 мыңнан астам жұмыс орнын құруға, өнеркәсіп пен қызмет көрсетудің жана саласын қалыптастыруға, халық үшін сапалы өмір сүру стандартын қамтамасыз етуге мол мүмкіндік береді.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Тек өткен ғасырдың ортасында, небәрі бірнеше жыл ішінде миллиондаған гектар даламыз аяусыз жыртылды. Ықылым заманнан бері ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келген ұлттық прагматизм санаулы жылда адам танымастай өзгеріп, аста-төк ысырапшылыққа ұласты. Соның кесірінен, Жер-ана жаратылғаннан бері шөбініп басы тұлпардың тұяғымен ғана тапталған даланың барлық құнары құрымға кетті. Түгін тартсаң майы шығатын мыңдаған гектар миылы жерміз экологиялық апат аймағына, Арал теңізі аңқасы кепкен қу медиен шөлге айналды. Осының бәрі жерге аса неміқрайды қараудың ашы мысалы. Біз жаңғыру жолында бабадан мирас болып, қанымызға сіңген, тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиетті қайта түлетуіміз керек» — деп айтылғандай, бүгінгі таңда еліміздегі, облысымыздағы экологиялық ахуал нашарлап барады. Оны бүгін қолға алмасақ, ертен кеш болатыны анық.

Мамандардың зерделеуінше, елімізде жыл сайын пайдалануға жарамды материалдық ресурстан 500 мың тонна қағаз бен картонды, 300 мың тонна шыныны, 200 мың тонна металл мен 500 мың тонна пластмассаны қайта өңдеуге болады. Яғни бұл қайта өңдеуге жарамды материалдық ресурсты екінші рет пайдалануда үлкен әлеуеттің барын көрсетеді. Алайда қайта өңдеу ісі толық жүйеге түспегендіктен бұл бағыттағы жұмыс ақсап тұр. Осы ретте елімізде тұрмыстық қалдықты сұрыптау ісін 2020 жылға қарай 90 пайызға, 2035 жылға қарай 100 пайызға жеткізу көзделуде. Сондай-ақ 2020 жылы санитарлық полигонмен қамтылу деңгейін 50 пайызға дейін жеткізу қарастырылған. «Жасыл» энергияны өндіру үлесін арттыру маңызды көрсеткіш ретінде орнығып, бұл тұрғыда биологиялық қалдықты қайта өңдеу кезінде жылу мен электр энергиясын өндіру үшін газ шығаруға ерекше мән беріледі. Бұл ретте «жасыл» энергияны өндіру бағытында пайдаланылатын қалдық үлесін 2020 жылы 5 пайыздан бастап,



2050 жылға қарай 30 пайызға дейін жеткізу жоспарланып отыр. Ол үшін «Жасыл даму» бағдарламасы негізінде тұрмыстық қатты қалдықты басқарудың бірыңғай орталығын құру ұсынылды. Бағдарламаның бастапқы кезеңі үшін 52 млрд теңге көлеміндегі бюджет шығысы қарастырылып, республикалық бюджеттік комиссия тарапынан қолдау тапқан. Осыған орай, қоқыс өңдейтін зауыт құрылысын Ақтау мен Қарағандыда, ал жалпы, еліміздің тоғыз қаласында бастау жоспарланған. Сол қатарға Алматы облысы да енген болатын. Жасыратыны жоқ, біздің өңірде бұл іс кенжелеп тұр.

Алматы облысының әкімі Амандық Баталов биыл тұрғындар

алдында берген есебінде осы жағдайды тілге тиек етіп:

«Өңірде тұрмыстық қалдықты өңдейтін зауыт жоқ. Жыл сайын облыс аумағына шамамен 800 мың тонна қатты қалдық шығарылады. Бүгінгі шығарылған қалдықтың көлемі 8,4 млн тоннаға дейін жетті. Осы уақытқа дейін қоқыс полигоны толып кеткен. Бұл мәселе дер кезінде шешуді қажет етеді», — деп өзекті мәселенің бар екенін және кәй бағытта жұмыс атқаруымыз керек екендігін көрсетіп берді.

Бұл өңірімізде қайта өңдеу саласы мүлдем өркендемей қалды дегенді білдірмейді. Өкінішке қарай, кәсіпорындар тек өз қажеттілігіне қарай қайта өңдеу саласымен шағын көлемде ғана айналысуда. Ал өңір басшысының «облыста тұрмыстық қалдықты өңдейтін зауыт жоқ» дегені қайта өңдеудің бизнестің бір саласы ретінде қалыптасып үлгермегенін мензегені. Осы ретте, біз солардың бірқатарының өңір экономикасын өркендетіп, жұмыссыздық деңгейін азайтуға сеп болып жатқаны жайында айта кеткен жөн деп шештік.

Қайта өңдеу саласындағы осындай жетістік өңір экономикасының дамуына ерекше серпін береді. Айталық, 2016 жылы өндірістің жылдық өсім деңгейі 2%-дық өсімді көрсетсе, оған облыстағы жұмыссыздық деңгейінің 2011 жылғы (өңірдегі қайта өңдеу саласы осы жылдан басталды) 5,1%-дан 4,8%-ға, ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен тұратын халықтың үлес салмағының 3,0%-дан 2,1%-ға дейін азайғанын қосайық. Демек, облыстағы осындай жетістікте қайта өңдеумен айналысатын кәсіпорынның үлесі аз болмағаны айдан анық. Мұның өзі бізде мол мүмкіндіктің болғанын айғақтайды. Жетпей жатқаны тапнымсыз еңбек, ұзаққа бағдарланған жоспардың жоқтығы. Егер біздегі осы кемшілік түзетіліп, тұрмыстық қалдықты қайта өңдеу саласы ойдағыдай өркендесе, Елбасы айтқандай, «Қайта өңдеу саласын дамытудың бизнестің өміршендігін арттыратындығы» бесенеден белгілі.

БАЛЫҚ НАРЫҚҚА БЕЙІМ

Қайта өңдеу жайлы сөз болғанда, алдымен Алакөл ауданындағы балық өңдеумен айналысатын «Рыбпром» және SAROS ЖШС көз алдыға келеді. Үшарал «Рыбпромда» балықтың таза субесін шығаратын және балық етінен дайындалатын жартылай фабрикат, өңдеуден өткеннен кейінгі балық қалдығынан азықтық ұнтақ шығаратын үш цех тұрақты жұмыс істеуді бастаған. Сәтті басталған сол жұмыс жылдар бойы өзіндік жемісін беріп, өндіріс заман талабына сай жабдықталып, Қазақстан балық шаруашылығы саласында өзіндік орнын ала бастапты. Мұнда өндірілген балық өнімін Германия, Франция, Голландия, Канада елдеріне сату құқыын алған. Аталған өндірістің екінші зауыты Балқаш ауданы Құйған ауылында болса, үшінші зауыты Өскемен қаласында жұмысын жүргізуде. Тағы бір баса айтар жетістік, осынау өндіріс орнындағы қалдық сол мандағы зауытқа жөнелтіліп, ұнтаққа

уылдырығын өндіретін цех ашқан. Онда дайындалған уылдырық көлге шашылып, балық санын арттыруға сеп болуда.

Есік қаласында орналасқан «Электрокабель зауыты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің электр-техникалық өнімі нарықта ерекше сұранысқа ие. Зауыт жылына 1000 километрге жуық кабель шығарады. Өнімі еліміздің барлық аймағын қамтамасыз етіп отыр. Сонымен қатар Алматыдағы бірнеше қосалқы стансы зауыт шығарған материалмен жаракталған. Солардың бірі — «Медеу» мен «Шымбұлақтағы» электр жүйесі.

Айта кетерлігі, кәсіпорында өнімнің сапасын бақылайтын арнайы зертхана жұмыс істейді. Мұнда алюминий сымының диаметрін штангенциркуль арқылы өлшейді екен. Оның мөлшері қондырғыда дайындалған мөлшермен сай болуы керек. Одан кейін келтіру мен суытуға арналған жабдықта ыстыққа, суыққа төзімділігін анықтайды. Сосын арнайы тартқышпен алюминий сымын керіп тартады. Электр өніміне қажетті шикізаттың бәрі бұрын шетелден тасымалданыпты. Ал қазір алюминий Павлодар облысынан әкелінеді екен. Мұның өзі зауыттың шығынын азайтып, уақытын үнемдеуге өз септігін тигізіп отыр.

Карасай ауданындағы «СТМС — С.К.» компаниясы полимер құбыры мен оған қажетті бөлшек шығаратын зауыт ашып, өнімін ел нарығына шығара бастады. Мұнда алғашында немістің озық технологиясын пайдалана отырып, диаметрі 120 мм.-ге дейінгі полимер құбырын шығару жолға қойылған. Бұл жұмысты

пайдаланылуда. Сонымен бірге жылу жүйесін жүргізуде таптырмайтын құрал болып табылады. Соңғы жылдары көптеген үй еден арқылы жылытылады. Осыған байланысты кәсіпорын жуырда пластмасса мен металл қоспасынан жасалатын Pert маркалы арнайы құбыр шығаруды жолға қойды. Бұл металлопластик құбыр суық пен ыстыққа төзімді, қалай исен де көнетін әрі жоғары қысымға төтеп бере алатын болғандықтан, су желісі мен жылу жүйесінде кенінен пайдаланылуда.

Ақсу ауданы Суықсай ауылындағы «Жетісу — Гранит» ЖШС «Даму — өндіріс-2» бағдарламасы бойынша Қапал өңіріндегі гранит кен қазба орнын эзірлеу және өнім өндіру мақсатында 256 млн теңге несие алып, кен барлау, анықтау жұмысын жүргізіп, өткен жылдан бастап гранит блогын өндіре бастады. Қазіргі жұмыс ауқымы да ойдағыдай. «Олар «ЭКСПО — 2017» нысандарын салу үшін «АБК Құрылыс» ЖШС-ін құрылысқа қажетті гранит бұйымымен қамтамасыз ету туралы келісімшарт жасасқан. Қазірде мұнда жұмыс істеп жүрген 60-қа жуық адамның бәрі сол өңірдің тұрғыны екен. Жұмысшылар жатақханасының өзінде қаладағыдай жағдай жасалған. Сонымен қатар «Жетісу — Гранит» ЖШС жобалық құны 1 млрд 800 млн теңге болатын гранит өңдейтін зауыт салып, өңірлік даму картасына ену үшін тиісті құжатын облыстық кәсіпкерлік және инновациялық-индустриялық даму басқармасына өткізіпті. Егер жоба бекітіліп, тиісті қаржы бөлінсе, Суықсай ауылынан 100-ге жуық адамды жұмыспен қамтитын ірі өндіріс орны бой көтермек. Онда



ӨНДІРІС КӨП, ӨЗГЕРІС ТЕ ҚОМАҚТЫ

уақытқа дейін 40 миллиард теңгеден аса сальк пен өзге де міндетті төлемдерді төлеген.

тасты қажетке жаратудың қалыпты үрдісі қалыптасалды деген сөз. Сондай-ақ олар осы өндіріс орны арқылы бұрын керекке жаратылып, кейін сүріліп тасталған гранит блоқты қайта өңдеуден өткізіп, халықтың қажеттілігіне қайталай жаратпақ. Бұл алдағы күннің еншісінде. Десек те, игілікті бастама көп өтпей жүзеге асса, полигонға төгілген керексіз тас қалдық қайталай көдеге жаратылатын болады.

Ұшқоныр ауылындағы «Керуен» агрофирма ЖШС жемісті өңдеп, сақтау мақсатында жұмыс істеп келеді. Оның 2200 тонна өнімді германиялық технология бойынша ұзақ мерзімге сақтай алатын заманауи жеміс-жидек қоймасы бар. Кәсіпорын австралиялық қондырғының көмегі арқылы табиғи шырын өндіру мүмкіндігіне қол жеткізді. Ешқандай кант, бояуыш пен қоспасыз сығу арқылы өндірілген шырын балғын қалпында ұзақ уақытқа сақталады. Серіктестікке қарасты ауданда жүз гектарға жуық бау-бақша бар. Онда негізінен алма өсіріледі. Сол жерден жиналған өнім алдымен іріктеліп, сапасы жоғарысы тікелей сауда орнына жіберіледі. Ал қалғаны өңделеді. Мұны шығынсыз өндіріс деп айтуға болады. Заманауи технологиямен бір сағатта 500 литр шырын, 150 келі алма тосабы өндіріледі. Дәмі тіл үйіретін ECO JUICE шырыны алдағы уақытта тек елімізде ғана емес, сондай-ақ шетелге де экспортталып, саудаланбақ.

ЖАНБАЙТЫН МАҚТА ӨНДІРЕДІ

Талдықорған қаласындағы ST BEST жауапкершілігі шектеулі серіктестігі экономиканың басымдық берілген саладағы өңдеуші өнеркәсіп болып табылады. Компания негізінен тас, мақта, жылу және дауыс окшаулау минералды жылытқышы, тау жынысынан балқып атқылаған кеннен жасалған базальт тобын шығарады. Бұл мақта 1000 градусқа дейін шыдайтын, жанбайтын материал. Оны қабырға, қалқа, еден, шатыр асты, жабдық пен құбыржолды окшаулау кезінде кенінен пайдаланады. Компания П-35, П-50, П-75, ПЖ-100 маркалы әртүрлі тығыздықтағы төрт түрлі минералды плита шығарады. Негізгі өндірістік шикізат базальт және металлургиялық шлак болып табылады. Желімдеу үшін фенолформальдегидті шайыр пайдаланылады. Еру шикізаты кокс және көмір көмегімен жүзеге асырылады. Жабдықтың өндірістік қуаты аптасына 855,8 текшеметр, ал айына 3 423,2 текшеметрді құрайды. Осы тұста бұл өндірістің қоршаған

ортаға тигізер ықпалының тым төмендігін айта кеткен жөн.

Іле ауданындағы «Компания В» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Бизнестің жол картасы — 2020» мемлекеттік бағдарламасы аясында 6 пайызбен 33 миллион теңгеден астам несие алып, жаңа қондырғы сатып алған. Қазіргі кезде зауытқа тәулігіне 20 тонна, айына 750 тоннадан астам қағаз өңделеді. Қалдық негізінен Алматы қаласы және облыс аумағынан жинап әкелінеді. Шілде айында Қырғыз еліне 200 тонна өңделген қағаз экспортталған. Есік қаласында орналасқан «Электрокабель зауыты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жылына 1000 километрге жуық кабель шығарады. Colden and Young жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Бизнестің жол картасы — 2020» мемлекеттік бағдарламасы аясында 154 миллион теңгеден астам несие алып, ол қаражатты осы зауыттың құрылысына жұмсады. Одан бөлек, 25 миллион теңге несие алып, айналымдағы қаржыны толтыруда. Осының арқасында өндіріс ауқымы кеңейіп, өнім көлемі артты. Ал «Ателье Агро» акционерлік қоғамының «СейМар» сауда маркасы бойынша елеулі жұмыс атқарғанын білеміз. Олар 2012 жылы 20 мың тоннаға дейін сапалы өнім шығарған болатын. 2013 жылы бұл көрсеткіш 25 мың тоннаға жеткізілсе, өткен жылы 30 мың тонна өнім сатылымға жол тартты. Биыл 35 мың тонна өнім өндіру мүмкіндігі бар көрінеді. Ал болашақта өндіріс көлемін 50 мың тоннаға жеткізу жоспары жасалыныпты. «Эфес Қазақстан» компаниясы ел экономикасына 245 миллионнан аса АҚШ долларын инвестициялап, осы

Қажет АНДАС,

Алматы облысы

Өрлеу

Алматы облысындағы «Қайнар-АКБ» ЖШС өткен жылы 1 миллион 700 мың аккумулятор батареясын өндіріп, рекордтық өнім шығарды. Өнімнің осы деңгейге жетуіне зауыттағы қайта өңдеу саласы барынша ықпал өткен. Зауыттың сапалы өнімі бұрындары ТМД елдері мен көршілес Ресей және Украинаға экспортталып келсе, ендігі уақытта Германия, Иран, Моңғолия және Араб Біріккен Әмірлігі сияқты шет мемлекеттерге сатылуда. Зауыттың қайта өңдеу саласы бойынша 2014 жылы 13,385 тонна, 2015 жылы 11,885 тонна, 2016 жылы 19 тонна, биылғы бірінші тоқсанда 7, 538 тонна аккумулятор өңделген. Бір ауысымда 5 адам жұмыс істейді. Олардың еңбекақысы 80 мың теңгеден жоғары.

ҚАЙТА ӨНДЕУ ҚАРҚЫН АЛДЫ

Еуропалық, ресейлік және жапондық талаппен жұмыс жүргізетін «Қайнар-АКБ» ЖШС өнімінің 70%-ы шетелге экспортталуда. Бір қуанарлығы, зауыт өнімі өткен жылдан бастап Қытай нарығын жаулай бастаған. Демек, бұл осыған дейін Қытай кәсіпорнымен бәсекелесуге қауқарсыз болып келген отандық өндірістің жана дәуірге қадам басқанын дәлелдеді. Сонымен қатар өндіріс орны еуропалық нарыққа батарея сатуға Польшамен келісімге келудің жолын қарастыруда.



Әрине, «Қайнар-АКБ» ЖШС бұл деңгейге жайдан-жай жеткен жоқ. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы сан түрлі қиындықты жеңіп, нарық бәсекесіндегі аумалы-төкпелі жағдайды бастан өткерді. Соның бәрін төзімділікпен жеңген кәсіпорын өнірдің өндірістік айнасына айналып отыр. Тіпті аталған зауыт көне аккумуляторды қайта өңдеу арқылы өнім көлемін арттырып, шығынсыз өнім өндірудің мүмкіндігін дәлелдеген өнірдегі бірден-бір өндіріс орны. Олар колданыста *«қолданылған»* жүрген аккумуляторды механикаландырылған әдіспен топтастыруды көздейді. Зауытта итальяндық құрылғымен жабдықталған қайта өңдеу цехы бар. Оның бір ауысымдағы өнімділігі сағатына 5 тоннаны құрайды. Цех ауысымның қажеттілігіне қарай жұмыс істейді, қазіргі кезде 7 адам жұмыспен қамтылған. Қайта өңдеуге керекті шикізат еліміздің әр өнірінен жеткізіледі. Тіпті жақын шетелдегі колданылмайтын аккумуляторды да тасымалдап, қайта өңдеу арқылы су жана өнім шығарып, экспорттың көлемін арттырып отырады. Таратып айтар болсақ,

шикізат алдымен цехтын қоймасына жиналады. Одан кейін таспалы конвейерге тиеу мақсатында дірілдеткіші бар бункерге жіберіліп, ұсакталғаннан кейін «Сантамария» құрылғысына түсіп, фракцияға бөлшектенеді. Нақтылап айтар болсақ, бір аккумулятор құрамынан 21% электролит, 28% қорғасын сульфаты, 13%, қорғасын оксиді, 26% металл тор, 6% полипропилен, 6% пластик бөлініп шығады. Сұрыптаудан өткен қорғасын пастасы, ылғалдылығы кем дегенде 11%, металл қорғасын, ылғалдылығы кем дегенде 2%, пешке қайта балқытуға жіберіледі. Аталған қайта өңдеу цехында 2014 жылы 13.385 тонна, 2015 жылы 11.885 тонна, 2016 жылы 19 тонна, биылғы бірінші тоқсанда 7 538.78 тонна

аккумулятор өңделген. Әдетте, қорғасын паста және металдандырылған фракция автокөлікті өлшейтін таразыға өлшеніп, цехта дайындау аймағына жіберіледі. Мұнда қорғасын қалдықтан арылып, кокс және кальций қосылған содадан, сондай-ақ темір жоңқадан тазарады. Осыдан кейін 1200 градус температуралағы пешке 8 сағат балкытылғаннан кейін таза қорғасын алынады. Ол қалыпқа құйылып, қоймаға сақталады. Осы өнімнен жана, сапасы ойдағыдай аккумулятор өндіріледі.

Бұрынғы жылдары шикізаттың тапшылығынан жылына жарты миллион дана аккумуляторлы әзер өндіретін зауыт қайта өңдеу цехы жұмысқа кіріскелі өнімнің сапасы мен санын күрт арттырды. Айта кетерлігі, өткен жылы Астана қаласында 6 желтоқсан күні Елбасының қатысуымен индустрияландыру

күніне орай өткен салтанатты шарада «Қайнар-АКБ» ЖШС «Ұлы Дала елі» брендімен марапатталды. Бұл бренд еліміздегі ең үздік экспорттаушы компанияға беріледі. Алдағы уақытта отандық тауар өндіруші «Ұлы Дала елі» атауымен бірігіп, әлем нарығына өз қолтанбасын қалдырып отырады. Әрине, «Қайнар-АКБ» ЖШС бұл деңгейге жайдан-жай жеткен жоқ. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы қиындықты жеңіп, нарық бәсекесіндегі аумалы-төкпелі жағдайды бастан өткерді. Жұмысшыға жалақы бере алмай қалған тұстары да аз болмады. Ал бүгін соның бәрін жеңген кәсіпорын өнірдің айнасына айналып отыр. Қазіргі уақытта шетелге өнім шығарудың көшін бастаған жергілікті өндіріс келер жылы аккумулятор санын 2 миллионнан асыруды жоспарлауда. Демек, қайнарлықтардың қуанышты күні әлі алда.

Айдана ҚАЛИМОЛДАЕВА,
«Қайнар — АКБ» ЖШС-нің қызметкері

Жаңа нысан

Елбасы Жолдауынан бастау алған кешенді мемлекеттік бағдарлама шағын және орта кәсіпкерліктің дамуына мол мүмкіндік ашуда.

Президенттің биылғы Жолдауында жаппай кәсіпкерлікті, соның ішінде отбасылық кәсіпті дамытуға маңыз берген болатын. Бұл ел тұрғынының кәсіпкерлікке деген құлшынысын еселей түсуде.

Жуырда Алматы облысындағы Текелі қаласында су жана сауда үйі жұмысын бастады. Сауда үйінің ашылуына қала әкімінің орынбасары Рауан

САУДА ҮЙІ АШЫЛДЫ

Рақымбеков, кәсіпкерлер палатасы қалалық бөлімінің директоры Тұрысбек Жұмаділов, сондай-ақ бірқатар мекеме, кәсіпорын басшылары, қала тұрғындары қатысып, ізгі тілегін жеткізді. Айта кетерлігі, Қазақстанның мәдениет қайраткері, Алматы облысының Құрметті азаматы, әйгілі «Тақиялы періште» көркем фильміндегі Тайлақтың рөлін сомдаған Әлімғазы Райымбеков пен Ескелді ауданы мен Талдықорған қаласының Құрметті азаматы, Талдықорған заң колледжінің директоры

ӨЛКЕ

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



Мыктыбек Рахымбекұлы сауда үйінің лентасын қиып, ақ жол тіледі. Көпшілік мұны жақсылыққа балады. Жалпы аумағы 140 шаршы метрге тартатын сауда үйінің төменгі қабатында ет сатылады. Бөлме санитарлық талапқа сай жабдықталған. Ортаңғы қабат — дәрйана. Ол тәулік бойы жұмыс істейді. Галина Жасыбаева, сауда үйінің иесі: «Жеке кәсібімізді ашып, қажыр-қайратымызды соған арнасақ» деген арманымыздың іске асуына мемлекетіміздің кәсіпкерлікті қолдау саясаты мүмкіндік жасады. 3 млн теңге

көлеміндегі жеңілдетілген несие алдым. Жанашыр-жақындарымыздың қолдап-қуаттауының арқасында, міне, жұмысымызды бастадық. Қуанышымызда шек жоқ! Шағын сауда үйін қызымыздың есімімен «Меруерт» деп атадық. Балаларымыз кәсіпкерліктің қыр-сырын менгеріп, өрісімізді кенейтіп жатса, құба-құп! Қазір мұнда 10 адамға жана жұмыс орны ашылды. Енді ортақ игілік үшін бәріміз құлшына еңбек етеміз», — деп ағынан жарылды.

Ақан
БЫРЫМЖАНҰЛЫ

Нәтиже

Өткен жылы Жетісу өңіріндегі Көксу ауданында атқарылған жұмыс ауқымды. Ауданда жыл сайын өгіс көлемі ұлғайып, өнім түсімі көбейіп келеді. Нақты айтар болсақ, үстіміздегі жылдың үш айының қорытындысы бойынша ауыл шаруашылығы саласы өткен жылдың осы уақытымен салыстырғанда 230,4 млн теңге артық өнім өндірген.



Биылғы жыл Көксу ауданының еңбеккерлері үшін берекелі болайын тұр. Айталық, ағымдағы жылы ауыл шаруашылығы дақылдарын 31710 гектарға себу жоспарланса, қазірдің өзінде оның дені орындалған. Жаздық масақты дәнді дақылдардың толық себілетініне сенім мол. Көксулықтар қант қызылшасын да көптеп еге бастады. «Жетісу» ӘКК» ҰК» АҚ арқылы 255 шаруа қожалығы қант қызылшасының шетелдік «Гримм» тұқымын салыстырғанда көлемі артып, 1700 гектарға жетті. Құнбағыс, майбұршақ, мақсары сияқты майлы дақылдар мен картоп және мал азығының да көлемі айтарлықтай көбейді. Ауыл шаруашылығы тауар өндірушісін арзандатылған минералды тыңайтқышпен қамту мақсатында «ҚазАзот» ЖШС өнімді жұмыс істеуде. Сондай-ақ арашөпке, зиянкеске қолданылатын қажетті гербицид «Сингента», «Алем», «UKAZ group», тағы да басқа фирмалардан алынуда. Көктемгі дала жұмысын жүргізуе арзандатылған бағамен жанар-жағармай дайындалып, «Қарамай Продактс өнімдері»

септі. Тәтті түбір себілетін аумақтың бытырғымен салыстырғанда көлемі артып, 1700 гектарға жетті. Құнбағыс, майбұршақ, мақсары сияқты майлы дақылдар мен картоп және мал азығының да көлемі айтарлықтай көбейді. Ауыл шаруашылығы тауар өндірушісін арзандатылған минералды тыңайтқышпен қамту мақсатында «ҚазАзот» ЖШС өнімді жұмыс істеуде. Сондай-ақ арашөпке, зиянкеске қолданылатын қажетті гербицид «Сингента», «Алем», «UKAZ group», тағы да басқа фирмалардан алынуда.

Көктемгі дала жұмысын жүргізуе арзандатылған бағамен жанар-жағармай дайындалып, «Қарамай Продактс өнімдері»

Еңбек

Жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру мақсатында Алматы облысындағы Текелі қалалық мәдениет үйінде бос жұмыс орындарының жәрмеңкесі өтті.

ЕКІ ҚОЛҒА БІР КҮРЕК ТАБЫЛДЫ

Жұмыссыз азаматтарды түрлі санат бойынша қайта даярлау үшін облыстағы жұмыссыздық мәселесін онтайлы шешуде сұраныска ие мамандыққа оқыту мен қайта даярлауға, кәсіпкерлікті жан-жақты қолдауға және өңірлік басымдықты игеруге күш салынады. Бос жұмыс орындары жәрмеңкесі осы міндетті орындауға сеп болуда.

Бұл жолғы жәрмеңкеде қаладағы мекеме, кәсіпорындар 50-ге тарта бос жұмыс орнын ұсынды. «Жасыл ел» бағдарламасы бойынша көктем мен жаз айларындағы ағаш егу, абаттандыру жұмысына 30 адам тартылады. Бұдан сырт Шығыс Қазақстан облысы Ақтоғай кен орны ауысымдық жұмысқа 115 бос жұмыс орнын ұсынды.



Жәрмеңкеде міндетті медициналық сақтандыру бойынша қалалық емхананың дәрігерлері көпшілікке түсіндіру жұмысын жүргізді. Осы ретте 243 адам кеңес алса, 43 адам жұмысқа орналасты. Қоғамдық

жұмысқа 35, кәсіптік оқуға 75, әлеуметтік жұмысқа 6, жасар тәжірибесіне 8, маусымдық жұмысқа 30 адам тартылды.

Бетті дайындаған Қажет АНДАС,
Алматы облысы

Игі бастама

Бүгінде Алматы облысы экономикасының дамуына сүбелі үлес қосып жатқан Іле ауданында 20 ірі, 109 шағын өндіріс орны жұмыс істеп келеді. Сол қатарда «Данон Беркут» ЖШС-ін атап айтуға болады. Сапалы сүттің жиырмадан астам түрін шығаруға бейімделген өндірістің жылдық қуаттылығы 12 мың тонна.

Баланың таңсық асына айналған «Данон», «Растишка» иогурты мен іш кебуінен сақтайтын «Активия» иогуртты шырыны жасалатын алып зауыт алыстан меммұндайлады. Зауыт қызметкері Надежда Сергун өндіріс орнының ішін аралатса, мұндағы технологияның құпиясы мен қыруар еңбектің сырын менеджер грек жігіті Константин Софереди әнімелеп берді. Франция технологиясы бойынша сертифицикатталған «АйСО 22000» құрылғысы қадағалау жүйесімен қамтамасыз етеді. Сүттің майылығына бөлініп, сепаратор арқылы 78 градуста ең ұсақ деген микробтан тазаланып, пастерленіп барлық процестен өткен күндегі 30 тонналық ыдыстың ішіндегі сүт иогуртка айналады. Құрамына қант, дәрумен, ақуыз құнарлылығын арттыратын құрғақ сүт қосылып, зертханаға жіберіледі. Құрғақ сүттің өзі кәдімгі шикі сүттен жасалады. Құрамындағы заттар анықталған соң 95 градус температурада қыздырылып, пастерленеді. Бұдан соң 36 градуста суытылып, 8 сағат ішінде қалпына келеді. Мінеки, сіз бен біз көптен күткен дәмді иогурт та дайын болды. Иогурттың арнаулы құтғысы да осында жасалады. Арнайы ыдысқа құйылғанға дейін өндірістен жүк көлігіне, көліктен дүкенге дейін таратылатын



уақытта 4 градус суық температурада сақталады. Ал негізінен сақталу мерзімі 30-35 күн.

Сонғы жылдары өндірісте түрлі дәммен, түрлі қасиетімен иогурт өнімі шығарылуда. Әсіресе, денсаулыққа пайдалы өнім тұтынушының басты назарында. Дөмі тіл үйретін өнімнің қолжетімділігі де маңызды фактор. Зауыт директоры Сергей Папаевпен әңгіме барысында бұған дейін 14 мың тонна өнім шығаруға толық дайын зауыттың алдағы уақытта өнім көлемін 24 мың тоннаға дейін жеткізуді жоспарлап отырғанын білдік. Демек, сүт өнімін қайта өңдеу саласындағы көшбасшы компания осы жетістігі арқылы далаға төгіліп, табиғатқа зиян салатын көптеген шикізаттың жұрт қолына табысты өнім болып жетуіне себепкер бола бермек.

Мақпал МЫСА

Жәдігер

Абай даңғылының бойындағы Орталық стадионның жанында тұрмыз. Бұл жерден бізді әр сағат сайын жүретін үлкен автобус Боралдайдағы сақ қорғанына алып баруға тиіс.

Бүгін ол жерде тарихи жәдігердің салтанатты ашылу рәсімі өтіп жатыр. Жүйткіген көлік межелі жерге жылдам жеткізді. Қорғанның қақпасынан ішке кіре бере адамға ерекше көңіл-күй сыйлаған қолөнер шеберлерінің көрмесі еріксіз баурап алады. Ал біз барлығын шетінен бақылап шығуды жөн көрдік. Кіреберісте көздің жауын аларлықтай тізіле орналасқан қазақи нақыштағы бұйымдар. Жәрмеңкеге сан алуан зергерлік туындылар да қойылыпты. Бір қызығы, бұйымдарды сатып алудан бөлек, дәл сол арада жасауды үйрене аласыз. Шеберлер білгендерімен бөлісіп, тәжірибелері негізінде шеберлік сабақ жүргізілді. Қақ ортада қазақ үй тігілген. Қонақтардың тамашалауы үшін киіз үйдің тұсындағы шатырда мұражайдағы тарихи жәдігер қойылыпты.



Батыржан СЕЙІТОМАР, ұйымдастырушы:

— Бүгін міне, «Сақтар — тарихи жаңғыру» шарасын өткіздік. Қала тұрғындары да атсалысып, тамашалап жатыр. Мақсатымыз — Сақ дәстүрін, мәдениетін насихаттау. Бүгінгі жиын тұсаукесер ретінде өткізілді. Жалау іліп, киіз үй, шатыр тігіп, әртүрлі спорттық ойындардың куәсі болдымыздар. Шебер, зергерлерді жинап қолданбалы өнердің кең таралуына жағдай жасалды. Швециядан



САҚТАН ҚАЛҒАН САФ МҰРА



Түскі ас уақыты таяп көпшілік тамақтану үшін арнайы тігілген шатырға жиылды. Онда дәмді палау мен көже, шұбат секілді ұлттық сусын үлестірілді. Ал біз әртүрлі қару-жарақпен өнер көрсетіп жатқан, Швед елінің туы ілінген шатырға келдік. Көпшілік сыртта садақ тартып

Біздің ойымыздағы дүние болса, бұл кинодан көретін, тұтқынның басына алма қойып мергендердің шеберлігін сынауы. Жок, қалжын екен. Қызықты өту үшін шетелдік қонақтардың өзі осылай белсенді атсалысты. Садақ атып көру үшін ұзынсонар кезекке тұрған көпшілік қорамсақтан берілген

келген қонақтарға ұлттық дәстүрімізді түсіндіріп жүрген ағамызды әнгімеге тарттық.

Нұрләулет АҚЫШ, жазушы:

— Сақ қорғандарын көпшілікке таныстыру бұл үлкен сауапты іс. Елбасымыз айтқан «Рухани жаңғыру — болашаққа бағдар» деген мақаладағы кейбір түйткілді мәселелерге тұжымды жауап. Өйткені рухани жаңғырудың бір парасы осы Сақ қорғандары. Сақтар — қазақ халқының, сонымен қатар көшпелі жұрттар мен славян халықтарының бабасы деп айтылады. Археолог Шілдебаевтың айтуы бойынша, II, III ғасырлардағы қорған екен. Оның осы уақытқа дейін сақталып, ашық аспан астындағы музейге айналуы күн тәртібінде тұрған келеі мәселе. Алда жасалуға тиіс жұмыс көп. Қорғандарды қазу, ішіндегі заттарды анықтау секілді. Жедел ұйымдастырылып отырған иара екендігін қалалық туризм басқармасының басшылары да айтқан.



жәбені нысанаға атып жатыр. Әрі қарай қылыш сайысын тамашалау үшін шатырға кірдік. Көне викингтердің соңғы туяғымыз деп жүрген Швециядан келген қонақтар өнерін көрсетуге дайындалып жатыр екен. Қылыш пен семсердің сан түрі күнмен шағылысып жарқ-жүр етеді. Сол кезде Швециядан

жәбені нысанаға атып жатыр. Әрі қарай қылыш сайысын тамашалау үшін шатырға кірдік. Көне викингтердің соңғы туяғымыз деп жүрген Швециядан келген қонақтар өнерін көрсетуге дайындалып жатыр екен. Қылыш пен семсердің сан түрі күнмен шағылысып жарқ-жүр етеді. Сол кезде Швециядан

Ашық аспан астындағы музейді таныстыру жұмысымен аяқталмауы тиіс. Тағы да ұйымдастырылуы қажет. Бүгінгі ұйымдастырудың кенже қалған тұстары көп. Атап айтсақ, қазақи киім киіп қазақлығымызды паш ететін атрибуттар аз болып жатыр. Егер қазақи нақыштағы дүние көбірек болса, ұлттық сипаты күшейе түсер еді.

«Әттеген-ай» деген тұстары болса айтыңыз» — дегенде, ағамыз кесек ойын осылай жеткізді. Барлық ойын-сауық саябырсыған тұста жаяулатып бірнеше шақырымды алып жатқан қорғанға аттандық. Жазық далада төбе-төбе болып, алыстан менмұңдалап жатқан көне қорғандар. Боралдай Сақ қорғандарының ерекшелігі, оның көптігінде. Мұнда 50-ге жуық Сақ қорғандары бар. 2,5 мың жыл бұрын Сақ дәуірінің дәулетті адамдары, патшалары жерленген. Бұл біздің — тарихымыз, рухани байлығымыз.

Қорғаннан оралғанымызда мұндағы көрме аяқталғалы жатыр екен. Киіз үйлер жығылып, ұйымдастырушылар мен әскерилер қайтуға әзірлік көрде. Кешке дейін күннің ыстығында тік тұрып қызмет атқарған кісілерге тамақ таратылды. Бұл да ұйымдастыру ісінің сапасын көрсетсе керек. Қорытындылау мақсатында бас ұйымдастырушының бірімен сөйлесуді ұйғардық.

келген викинг достарымыз да қылышпен өз өнерін көрсетіп жатыр. 200-ге тарта адам қатысты. Тұсаукесер үшін бұл аз емес. Тамыз айында тағы да үлкен басқосуды жоспарлап отырмыз. Маусым мен шілде айында жүзіру, веложарыс өткіземіз. Бүгінгі тұсаукесердің демеушілері Алматы қаласының туризм басқармасы және халықаралық «Көшпенділер» қорына алғыс айтамын!

Бүкіләлемдік туристік ұйымның болжамы бойынша, Қазақстан тұрақты туризмді дамыту жөнінде болашағы бар елдер сапында. Барлық туристік нарықта Қазақстанның табиғатына, ландшафтарына және ұлттық мәдениетіне үлкен қызығушылық білдіреді. Қазақстан туристік ел болуға толық мүмкіндігі бар бірден-бір ел. Бүгінгі өткен «Сақтар — тарихи жаңғыру» туризм дамуының бір көрінісі деп айтуға толық негіз бар.



Әбдіманап КЕНЕС
Суретті түсірген
Ғалия ҚАЛИЕВА

Қауіпсіздік

Ең алдымен нысан башшыларының терроризмге қарсы дайындығының барлық құжаты тексерілді. Сондай-ақ ғимараттағы техникалық қауіпсіздік пен бейнебақылау жүйесі қаралды. Аталған нысан адамдар көп шоғырланатын 2-топтағы нысанға жатады. Тексеру барысында бейнебақылау жүйесі бойынша құқықбұзушылық анықталды. Сонымен қатар нысан башшысына анықталған олқылықтарды жою туралы нұсқау берілді. Сондай-ақ тексеру

Жуырда Алматы қаласының Ішкі істер департаментінің (ІІД) жұмыс тобы мен Экстремизмге қарсы іс-қимыл басқармасы қызметкерлері «Пассаж» сауда орталығының терроризмге қарсы қорғалуының жай-күйі, сондай-ақ олардың басшыларының «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» заң талаптарының орындалуын тексерді. Тексеру жұмыс тобының құрамында Экстремизмге қарсы іс-қимыл басқармасы бөлім бастығы орынбасарының міндетін атқарушы, полиция капитаны Мәулен Қасымжан, Техникалық байланыс басқарма инспекторы, полиция майоры Құрмет Мұқтекеев, Төтенше жағдайлар департаментінің подполковнигі Айбек Әлиев болды.

жүйесінің талабы мен міндетін сақтау мәселесі бойынша түсіндіру жұмысы жүргізілді. Террористік тұрғыдан осал объектілердің басшылары мен қызметкерлері үшін Ішкі істер министрлігі әзірлеген терроризмге

«Алматы қаласы бойынша террористік осал объектілерді тексеруге арнайы жұмыс



сотының қарауына жіберілді. Жыл басынан бері біз мектеп, балабақшаны тексерген болатынбыз. Қазір сауда орталықтары мен базарларды тексеруге көштік. Осыған

Алдағы уақытта жоспарда бар мекемелердің барлығы тексерілетін болады.

Тексеру нәтижесі көрсеткендей, террористік тұрғыдан осал нысанда инженерлік-техникалық қадағалау, бейнебақылау жүйесі мен дабыл қондырғыларын басқару мен бақылау жүйесі, сондай-ақ мамандандырылған күзет құрамының жоқтығы анықталған. Осы кемшіліктердің жойылуына ПД тарапынан бір ай мерзім беріледі. Ал осы уақыт ішінде нысан башшылары кемшілікті жоймаса, әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Аята кетейік, Үкіметтің 2013 жылғы 28 тамыздағы №876 қаулысында террористік тұрғыдан осал объектілерінің тізбесі бекітілген. Нысандардың терроризмге қарсы қорғалуын бақылау және лаңкестік тұрғыдан осал объектілерді

ҚАУІПСІЗДІК ҚАМЫ ҰМЫТЫЛМАУЫ ТИІС



барысында жұмыс тобының мүшелеріне, нысан башшысы мен қызметкерлері құрамы арасында нысанды терроризмге қарсы қорғау

қарсы қорғалуын қамтамасыз ету бойынша, жұмысты ұйымдастыру мәселесі бойынша әдістемелік ескерту берілді.

тобы құрылған. Оған ПД әр сала бойынша мамандар тартылды. Біз тек қана тексеру жүргізіп қоймай, тәжірибелік, әдістемелік нұсқау береміз. Ғимараттың басшылық құрамымен, қызметкерлеріне экстремизм мен терроризм кезінде қандай әрекет жасау керек екенін түсіндіреміз. Жыл басынан бері Алматы қаласының ІІД жұмыс тобымен террористік тұрғыдан осал 1574 нысан бекітілді. Қазіргі уақытта 500-ге жуық адам көп жиналатын жер тексерілді. Тексерілген нысандардың ішінен небары 430 мекемеге нұсқама берілді.

Әкімшілік құқықтық кодексінің 149-бабы бойынша 26 әкімшілік материал толтырылды және олар қаланың ауданаралық мамандандырылған әкімшілік



дейін 10-нан аса базар тексеріліп, көпшілігіне айыппұл салынған. Осы тұрғыда жұмыс әрі қарай жалғасатын болады», — деп өз сөзін тұжырымдады Мәулен Қасымжан.

ұйымдастыру міндеті ішкі істер мекемелеріне жүктелген.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА,
Алматы қаласы

Осыдан бірнеше жыл бұрын дәл осы ән шырқалып, мектеп табалдырығынан түлеп ұшқан едік. Міне, сол күй, сол бір кеудені кернеген көңілдегі қимастық сезім бүгін екінші рет қайталаным отыр. Бұл жолы да үлкен өмірге, баянды болашаққа, соқпағы көп сапарға аттанғалы жатқанымызды еске салды. Жүректегі тебіреніс көзге еріксіз жас әкеліп, көңілдегі қуаныш пен қоса, қорқыныш сезімі де сананы билегендей. Себебі балалығымыз бен шалалығымыз, еркелігімізбен жасаған ісіміз енді кешірілмейді. Студенттік шағымыздың бал дәурені, қайғысыз, қамсыз сәттеріміз санаулы күндерден соң аяқталмақ. Біздің университет қабырғасынан түлеп ұшқан күніміз 27 мамырға тұспа-тұс келді. Дәл осы күні Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Түлектер күні» аталып өтті. Барлық түлектер «Мәңгілік ел» қақпасының жанына жиналды. Басқосуға әр жылдардағы оқу бітірушілер, сағыныш сезімін арқалай келітті. Арасында 50 жыл бұрын бітірген шәкірттер бар. Олар ұзақ жылдардан соң ыстық ұясымен қауышып, студенттік кездері мен жастық шақтарына саяхат жасады.

Аттандық сапарға көңілде мол арман,
Аттандық сапарға тосады жол алдан.

...

Қоштасар кез келді қиялдай барамыз,
Достарым сіздерді қия алмай барамыз.



айтуынша, өзінің шәкірттері де осында жүр екен. Ұлттық университетті бітіргендеріне 10 жыл болыпты. Сонымен қатар «50 жыл бұрын бітіріп кеткендер де келіп, тіпті бізге сабақ берген ұстаздарымызбен де қауыштық» — дейді.

Бибизия КАЛПАБАЕВА,
тарих және археология факультетінің 30 жасы бұрынғы түлегі:
«ҚазҰУ жолдамасы бойынша алғашында Орал қаласындағы Пушкин атындағы педагогикалық университетте оқытушы болдым. Содан 1990 жылы өз оқу ордама қайта келіп, жұмысымды осында жалғастырдым. Содан бері міне, оқытушы, аға оқытушы, доцент, профессорлық дәрежеге дейін көтерілдім. Бүгін менде өз қатарластарымды көріп, бір маркайлы қалдым. Жыл сайын ұйымдастырылып жүрген осы бір «Түлектер күні» жасқы көремін. Яғни көптеген жылдар бұрын бітіріп кеткен киелі

аяқтаған соң телевизияда жаңалықтар бөлімінде шығарушы редактор, аға редактор қызметін атқардым. Талдықорған облысында 3 жыл тілші болдым. Одан кейін 1974 пен 1998 жылдар аралығында осы ҚазҰУ-да аға оқытушы болып, тележурналистерді дайындадым. Ұлықбек Есдаулет сынды журналист ағайларыңның барлығы менің қолымнан шыққан шәкірттерім. «Мен Қоянбек болсам, «көзектерім» өте көп» — деп күліп алды. «Шәкірттеріме және қазіргі жастарға қарап отырып, жастық — шағымды, заманымды, достарымды сағынамын. Әр адамның ең керемет шағы ол студенттік күндері деп айтып жатамыз. Бізде де солай. ҚазҰУ-дың бізге сіңірген жақсылығы өте көп. Ең басты үйреткені біреуден не аламын деп емес, қазақ еліме, жұртыма,

ҚазҰУ-дың журналистика факультетіне оқуға түстім. Студент кезімнен бастап, телеарналық бағдарламалар мен газет-журналға араласып, материал шығарып, өзімді осы салада жетілдіруге тырыстым. Оқуды бітірмей тұрып, 1996 жылы «Қазақстан Заман» газетіндегі (Заман Қазақстан) өзім ашқан «Атақтылардың ақырғы күндері» деген айдарды жүргіздім. Оқуымды аяқтап, сол газетке ресми түрде жұмысқа қабылдандым. Ол жерде 10 жылдан астам уақыт қызмет еттім. Бастапқыда жай ғана журналист болып жүріп, 2004 жылы бас директор қызметін атқардым. Оның алдында жауапты хатшы, бас редактордың орынбасары болдым. Ал 2014 жылдан бастап, қазақ-түрік кәсіпкерлер одағының бас хатшылық қызметін атқарамын. Дегенмен газеттен де әліге дейін қол үзбедім, «Қазақстан Заман» газетінің құрылтайшысымын. Осы уақыт аралығында Түркия мен Қазақстан арасындағы байланыстардың күшеюіне, журналистиканың және ғылыми саланың дамуына өз үлесімді қосып жүрмін деген ойдамын. 2013 жылы ауыз әдебиеті бойынша кандидаттық жұмысымды қорғап, Осы ҚазҰУ-да ара-арасында келіп, сабақ беріп тұрамын. Мен бұл өзім бітірген киелі ордадан өмірлік ұстаным, мол тәлім-тәрбие, шексіз білім алдым. Сол алған білімімді, бүгінде өзімнен кейінгі талапкерлерге беруге, үйретуге тырысып жатырмын. Өздеріңіз көргендей, бұл ҚазҰУ

ҚАРА ШАҢҒЫРАҚТАН ҚАНАТ ҚАҚҚАНДАР

Оқу ордасын әр жылдары бітірген үлкен-кіші барлық түлектер Әбу Насыр Әл Фарабидің ескерткіші мен Өмірбек Жолдасбеков монументіне гүл шоғын қойып, ары қарай салтанатты мереке студенттер сарайында жалғасты. Жиын барысында ALMA MATER жайында түсірілген қысқа метражды фильмді көрерменге ұсыну арқылы «қара шаңырақтың» әр жылдардағы даму көрсеткішін, жетістігін көрсетті. Бұдан бөлек, биыл «ҚазҰУ түлектер қауымдастығының» құрылғанына 15 жыл толып отыр. Осы орайда алғашқы сөзді университет ректоры **Ғалымқайыр МҰТАНОВ** өзінің құттықтау сөзімен бастады:
«Әр жоғары оқу орнының атқарып жатқан жұмысының айқын көрсеткіші — ол түлектері. Түлектерінің жеткен жетістігі. Сол турғыдан алып қарағанда, біздің университет өз түлектерімен мақтана алады. Олар өздерінің жеткен жетістігімен университетімізді ғана емес, бүкіл елімізді әлемге танытып жүр. Адам өміріндегі ең қызықты кезең, ол — әріне, студенттік шақ. Бүгін мінеки, Түлектер күні аясында бір-бірімізбен қайта қауышып отырмыз. Дегенмен, бүгінгі кездесудің мәні тек жүздесу ғана емес. Алдымызда тұрған келелі мәселелерді шешіп, болашаққа жоспар құруда сіздердің сындарлы пікірлеріңіз бізге өте қажет. Биыл қатарларыңыз 5 мыңға тарта жаңа түлектермен толықты. Мұсылмен тілімен айтқанда, университеттің уммасы жасалып жатыр. Біз өзмізді алдағы уақытта ҚазҰУ-дың үмбеттеріміз деп санауымыз керек» — деп сөзін аяқтады.



шаңырақ шәкірттері бүтіндей бас қосқаны үлкен мереке болып тойланады. Сағынышқа айналған білім ошағын қайта көруге үлкен мүмкіндік деуге болады. Ал менің бүкіл өмірім тікелей осы университетпен байланысты. Бүгінгі таңда өзім біліммен сусындап, тәлім-тәрбие алған ұлттық университетімде өзім де шәкірт тәрбиелеп, бар білгеніммен, оқыған-тоқығанымды соларға жұмсап жатырмын. Біздің кездегі студенттер мен қазіргі студенттер арасында үлкен айырмашылық бар. Оған дамыған технология, интернет дәлел. Осында қалуыма өзімнің білім ордама деген ыстық махаббатым себеп болды деп ойлаймын. Өйткені, бұл — теңдесіз университет. Басқа жоғары оқу орындарымен салыстыруға келмейді. Әрдайым жоғары қоятын мен ғана емес. Бұл өз-өзін дәлелдеп қойған «қарашаңырақ» болып табылады» — деп өз сөзін аяқтады.

Жолшыбай мен де өз факультетіме келе жатып, карт түлектерді байқап қалдым. Оларды да сөзге тартып көргім келді. Филология факультетінің 50 жыл бұрынғы бітірген университет шәкірттері екен. Талай жыл журналистика саласында еңбек еткен әріптес аға, ардагер журналист Қоянбек Ахметов деген кісі бар екен арасында. Жанындағы ақ-сары жүзді кісі Жазушылар одағындағы «Балалар әдебиеті кеңесінің» жетекшісі Сұлтан Қалиев болып шықты. Олармен де әңгімеміз бірден жарасып кетті. Бәрін барынша баяндады.

Қоянбек АХМЕТОВ,
филология факультетінің 1967 жылғы түлегі.
«Мен ардагер журналистмін. Осы ҚазҰУ-дың филология факультетін тәмамдадым. Кезінде Жүргенов атындағы өнер академиясының корпусында оқып, бітіргенбіз. Мұнда 1984 жылы ауыстым. Мен де өз мамандығымның қайнаған ортасында қызмет жасадым. Жалпы оқуымды

Сұлтан ҚАЛИЕВ,
филология факультетінің 1967 жылғы түлегі, ардагер журналист:
«Мен бала күнімнен басқа селодан алыс мектепке барып оқыдым. Педучилищеден соң 1967 жылы осы ҚазҰУ-ды аяқтадым. Студенттік кездерімді қатты сағынамын. Бізге бұл қара шаңырақтың берген білімі өте зор. Бір жақсы ғана қалып қоймай, жан-жақты дамуымызға да мол мүмкіндік жасады. Осы оқу ордаман алған мол біліміміздің арқасында «Балдырған» журналының жауапты хатшысы қызметін атқарып, «Ұлан» газетін басқардым. Қазіргі таңда Жазушылар одағында «Балалар әдебиеті» кеңесінің төрағасымын. Бұл салаға әуес болғаным, жастайымнан балалар жанында жүріп, сабақ беріп, олар жайында жазылған жырларым себеп. Уақыттың зымырағаны соншалық, біздің бітіргенімізге де 50 жыл толыпты. Баяғы көз алдымызға қалған сол ҚазҰУ бұйымда сол қалпында ыстық. Тек жазық жағына қарай дамуға. Көптеген ғұмарат салынып, аумағы кеңейіп, құдды бір саябақ ішінде жүргендей күй кештік. ҚазҰУ-ға айтар тілегім: «Қарыштап дами берсін. Ал студенттер осы жасаған барлық мүмкіндікті өз мүддесіне жарата алса екен дегім келеді».

Өз факультетім — журналистердің алтын ұясына келдім. Деканымыз Сағатбек Медеубекұлы жиналыс ашып жатыр екен. Жиынға 20 жылдық түлектердің бірқатары келіпті. Журналистика факультетінің 1997 жылғы бітірген шәкірттері ішінен Ахмет Аляз сөз сөйледі. Ол өзінің Түркиядан гөрі ғұмырының көп бөлігі Қазақ елінде өткенін, бақыты шақтары осы елмен байланысты екенін айтты. Сондай-ақ ол академик, профессор, журналист, ғалым Темірбек Қожакеевтің — ең сүйікті шәкіртінің бірі болғанын жеткізді. Курстастарымен түрлі қызықты сәттерін де баяндады. Десек те, бүгінгі таңда ол университетке деген сағынышын осында келіп, сабақ беру арқылы басатынын жасырмады.

Ахмет АЛИЯЗ,
журналистика факультетінің 1997 жылғы түлегі, қазақ-түрік кәсіпкерлер одағының бас хатшысы:
«Мен Қазақстанға 1992 жылы келдім. Түркиядан келген ең алғашқы 10 студент баланың бірі менмін. Жылдық дайындық курсың оқып, 1993 жылы

әлемдегі ең үздік 300 университеттің қатарына кіріп, еліміз бойынша оқ бойы озық келе жатқан орда. Жылдан-жылға беделі артып келе жатыр. Бұйырса, дүниежүзіндегі ондықтың қатарына кірсе екен деп тілеймін. Міне, көзді ашып жүзғаныша, оқу бітіргенімізге де 20 жыл болыпты. Әрдайым ҚазҰУ-ға айтар алғысым шексіз» деп сөзін түйінледі.

Жиналыс бітті. Сыртқа шықтық. Түлектер кете қоймапты. Ректорат алдында басқа факультетте оқитын құрбымыз көріп қалдым. Жұмысымды жүйелеу үшін осы қыздың сөзімен аяқтайын деп ойлады. Ол да биылғы бітіруші түлек. «Биология және биотехнология» факультетінің 4-курс студенті. ҚазҰУ-ға оны бала арманы жетелеп келіпті. Мерей Асанова «Кай ортада жүрсем де ҚазҰУ студенті деген ат ерекше әсер етіп, бойымды мақтаныш сезімі билеп, мойнымды үлкен жауапкершіліктің тұрғанын еске салады» — деді.

Мерей АСАНОВА,
ҚазҰУ-дың биылғы түлегі:
— ҚазҰУ-да білім беру сапасы басқа университеттермен салыстырғанда жоғары дәрежеде деуге негіз бар. Себебі қара шаңырағымыздағы шәкірттердің білім алуы мен ғылыми жұмыстармен айналысуға барлық жағдай жасалған және де осы мүмкіндіктерді пайдалана отырып, біз еліміздің көшбасшы студенттеріне айнала аламыз. Бұйырса, оқуымды тәмамдағаннан соң өз мамандығым бойынша жұмыс істеймін. Мұғалім боламын деп балалық шағымда мақсат қойған болатынымын. Қазіргі таңда сол мақсатыма жету жолында қажетті білім қорымды кеңейтіп, өзім қалаған жолымда адапай келе жатырмын. Бұл университет маған сарқылмас білім мен таусылмас тағлым берді. Бір үйдің баласындай болып, 4 жылмызды бірге өткізген мәңгілік достар сыйлады. Ең маңыздысы — қызығы мен шыжығы мол студенттік жылдары тарту етті. Болашақта ҚазҰУ-ды әлемдік деңгейде танытып, бүгінгі келген түлектеріміз сияқты университет мақтанышы болып орағым келеді.

Шынында, ҚазҰУ түлектерінің дені мақтауға тұраулық! Олар — өз мамандығының білікті маманы. Замана көшбасшылары.

Салтанат ШЫРЫНХАН,
ҚазҰУ 4-курс студенті



10 ЖҰК SERPIN

E-mail: jas_qazaq@mail.ru www.jasqazaq.kz

Өндіріс

Әлемдік ядролық энергетика қажетінің 39 пайызын қамтамасыз етіп отырған елімізде өткен жылы 24 700 тонна уран өндірілген. Бұл 2009 жылмен салыстырғанда, 76 пайызға көп. Қазіргі уақытта елімізде 12 кәсіпорын уран өндірісімен айналысады. Олардың он бірі Франция, Канада, Жапония, Қытай, Ресеймен серіктестікте құрылған бірлескен кәсіпорындар. Өндірілген уранның барлығы Қытай, Еуропа, Үндістан, АҚШ және Канадаға экспортталады. Қазақстандағы уран қорының 87 пайыздан астамы жерасты ұнғымалы шаймалау әдісімен игеруге жарамды. Бұл технологияны МАГАТЭ кен орнын игерудің экологиялық ең таза әрі тиімді әдісі деп танылған. Ресми деректерге қарағанда, 2015–2016 жылдары уран өндіруші 12 кәсіпорынның кеңсесі Алматыдан уран өндірілетін өңірлерге — Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстарына қоныс аударған. Нәтижесінде аймақ бюджетіне түсетін салық төлемінің көлемі 10 миллиард тенгеге

Елбасы Жолдауының басым бағытының бірі – экономиканы диверсификациялап, индустрияландыру. Осы мақсатта аудан–аудандарда индустриалдық аймақ құрылды. Солардың бірі – Оңтүстік Қазақстан облысындағы Созақ ауданында орналасқан уран өндірісіне қажетті жергілікті өнім.

зауыттан «Қазатомөнеркәсіп» компаниясына тиесілі теміржол арқылы тасымалдайды. Теміржолдың бір стансасы Шолаққорған ауылының жанынан өтеді. Бұл шикізат тасымалдауға кететін шығынды едәуір азайтады. Жылына 50 мың бөшке жасауға қауқары жететін өндіріс орны енді 1700 бөшке шығарса, қоймада сақталғанымен қосқанда барлығы 100 мың бөшке дайын тұр. Жоғарыда айтап өткеніміздей, енді іске қосылатын екі жобаның біреуін UKO-S Star металл құрастыру ЖШС-і жүзеге асырып жатыр. Мұнда уран өніміне арналған бөшке шығару зауытының жанынан техникалық майға арналған бөшке шығару жобасы қолға алынды, — дейді UKO-S Star зауытының өндіріс жөніндегі директоры Нұрбол Әкен.

БӨШКЕ мен ҚҰБЫР ШЫҒАРАДЫ



жеткен. Кәсіпорындар жұмыс бастағалы бер 38 миллиард тенгелік әлеуметтік жобалар құрылысын қаржыландырған. Созақ ауданының индустриалдық аймағында 4 жоба жұмыс істесе, тағы екі жоба енді іске қосылады. Төртеудің ішіндегі елеулісі әрі өнімдісі уран өндіруші кәсіпорындарға арнап металл бөшке шығаратын UKO-S Star металл құрастыру ЖШС-і. 2012 жылы құрылып, 2013 жылдың соңында іске қосылған зауыт осы күнге дейін 97 мың бөшке сатылымға шығарған. Жоба құны 315 миллион теңгені құрайтын зауытта 35 адам еңбек етеді. Зауыттың өндіріс жөніндегі директоры Нұрбол Әкеннің айтуынша, өнім көлемін белгілеу тапсырыс санына тікелей байланысты. Сондықтан жылына 25-30 мың дана бөшке жасайды.

Тапсырыс демекші, мұндағы бөшкелердің негізгі сатып алушысы — «Қазатомөнеркәсібі» ұлттық атом компаниясы». Өйткені, зауыт өнімі тек уран өндірісіне бағытталған. Ұлттық компания әрдайым бақылауында ұстайды. 200 литрлік бөшкеге уран өнімін салып, экспорттайды. Сондықтан бөшкеге әлемдік стандарт белгіленген. Атап айтқанда, бөшкенің қалыңдығы 1,5 мм, асты мен үстінің қалыңдығы 2 мм, қамытының қалыңдығы 3 мм болуы тиіс. Уран өнімін шетелге тек осы бөшкемен теміржол, теңіз жолы арқылы тасымалдайды. Тұтынушы мен өндірушінің орналасқан қашықтығы жақын болғандықтан, уран салатын ыдысты сырттан тасымал, логистиканың жеңілдігіне сай UKO-S Star зауытына басымдық береді.

Бұдан бөлек, жергілікті тұрғындарға аз мөлшерде темір есік-қақпа да жасайды. Өйткені, темірден бұйым құрастыратын зауыт болғандықтан, осы бағыттағы кез келген сұранысқа ұсыныс дайындауға әзір. — Шикізатты, яғни темір тәктаны Теміртау қаласындағы «АрселорМиталл Теміртау» АҚ-нан алдырамыз. Темір тәктаны сондағы



Индустриалдық аймақтағы келесі бір кәсіпорын, ол — «Благо Лизинг НПЗ» ЖШС-нің уран өндіруші кәсіпорындарға қажетті құрал-жабдық шығаратын зауыт. 2015 жылы лентасы қиылған кәсіпорынның негізгі шығаратын



бұйымы — уран өндірісінде қолданылатын құбыр жасау. Ашылған жылы 41,3 миллион теңгенің, ал былтыр 66 миллион теңге өнімін сатқан. Зауыт басшылығының айтуынша, былтыр бюджетке 29,9 миллион теңге салық төлеген. «Сырлы Созақ» ЖШС пластмасс қалдықтарынан шикізат өндіру және төменгі қысымды полиэтилен құбырын шығарады. Зауыт шикізат ретінде тұрмыстық қатты қалдықты пайдаланады. Бізде қоқысты қайта өңдеу бағыты кемшін қалып жатқаны рас. Айта кетерлігі, кәсіпорын 20 миллион теңгенің өнімін сатып, жергілікті бюджетті 1,3 миллион теңгеге толықтырған.

ЖЫЛЫНА 2500 ТОННА АС ТҰЗЫ

«Дархан-Ас» зауыты йодталған ас тұзын шығарады. Зауыт жылына 9600 тонна өнім шығаруға қауқарлы. Былтыр 43,2 миллион теңгенің 2500 тонна ас тұзын өңдеп, нарыққа шығарыпты. Ел қазынасына 1,7 миллион теңге салық төлеген. Жанадан ашылған кәсіпорын алдағы уақытта өндіретін өнімінің көлемін арттыруды көздеп отыр. Қазір зауытта 14 адам жұмыс істейді. Индустриалдық аймақтағы екінші бір жүзеге асырылып жатқан жоба — «КазХимПромРеагент» ЖШС-нің ион алмаспалы шайыр өндірісі. Созақ ауданының әкімі Мақсат Исаевтың айтуынша, өндіріс орны жылына 5 мың тонна ион алмаспалы шайыр шығарады. Бүгінде Созақ тұзына сұраныс көп. Өндірілген өнім шетелге де экспортталуда. Ал шайыр химия және фармацевтика өндірісінде таптырмас шикізат.

Отандық өнім

Елбасының «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауында жаңа индустриялар құрумен қатар дәстүрлі базалық салаларды дамытуға серпін беру керек екеніне баса тоқталды. Бұл өнеркәсіп, агроөнеркәсіп, көлік пен логистика, құрылыс секторында кеңінен дамуы тиіс. Сонымен қатар Президент еңбек өнімділігін айтарлықтай арттыру керектігін тапсырды. Міне, осы міндеттерді орындауда Оңтүстік Қазақстан облысында атқарылып жатқан жұмыс жеткілікті. Соның ішінде облыстың экономикалық дамуына үлкен үлес қосып келе жатқан өндірістік кәсіпорындар баршылық.

САПА БОЛМАЙ, ӨНІМ ӨТПЕЙДІ



Жалпы, Шымкентте металл-пластиктен есік–терезе, терезе алды тақтайын жасайтын 500-ден астам шағын цех бар екен. Соның бірі — Aspan profile technology брендті атауымен өнім шығаратын «Триумф М.М.С. Зауыты» ЖШС. Осыдан 4 жыл бұрын отандық нарыққа қосылған кәсіпорын жыл сайын тауарының сапасын жақсартып, түрін көбейтіп, көлемін арттырып отырады. Жуырда біз осы өндіріс орнында арнайы болып, жұмыс орнымен танысып қайттық. Бас технолог Арман Әріпжанов бізге цехты аралатып көрсетті. Аустралиядан әкелінген құрылғы бір қалыпты жұмыс істеп тұр. Оларды бірнеше технолог бақылайды. Мұнда өндірілетін өнімнің сапасына барынша мән беріледі. Шикізат Германиядан, басқа да шетелден әкелінеді. Металл-пластик күннің көзіне сарғайып кетпеуі үшін арнайы қоспамен үстеленеді. Әзірге тауар сапасына көңілі толмаған адам кезікпепті. Еесісіне, мұнда өндірілетін өнімге тапсырыс көп түседі.

Бізбен сұхбаттасқан серіктестіктің бас директоры Мұрат Мамытбеков жетістікке жетудің басты жолы — әлемдегі озық технологияны қолданып, сапа тұрғысынан тұтынушының көңілінен шығу екенін айтты. — Зауытта профильдерді аустриялық қондырғы арқылы шығарамыз. Ол дүние жүзіндегі ең алдыңғы қатарлы технология саналады. Бүгінде дайын өнімді өзіміздің өңірден бөлек, еліміздің түкпір-түкпіріне жөнелтудеміз. Атап айтқанда, Тараз, Алматы, Астана, Қарағанды, Жезқазған, Ақтөбе, Орал қалаларында бөлімшемізді ашып, фирмалық дүкендерімізде тауарымызды еркін саудалап жатырмыз. Сонымен қатар Қырғызстан, Өзбекстанға экспортқа жібереміз. Алдағы уақытта Ауғанстан, Түркіменстан, Тәжікстанға өнім жіберу жөнінде келіссөз жүргізудеміз. Ол өз нәтижесін берсе, отандық профильден жасалған есік-терезенің аталған елдердің нарығына жол тартатын күнге де жетеміз. Кәсіпорын жыл он екі ай өнім шығарады. Маусым кезінде жұмысшы саны 300-ге дейін барады. Біз жастарды кәсіби мамандыққа баулуға өте көп көңіл бөліп отырмыз.

сарғаятынын сұрап көрдік. Сөйтсе, бар гөп профильді жасауда қолданатын шикізаттың сапасында екен. — Облыста пластиктен есік-терезе шығаратын кішігірім цех өте көп. Бірақ олардың пайдаланатын профилінің барлығын сапалы дей алмаймыз. Көпшілігінің үстінен қалатын пайдасы үшін арзан шикізаттық материалға жүгінетіні анық. Ал бізде титан диоксиді америкалық технология бойынша Бельгияда өндірілген зауыттан тікелей тасымалданады. Сондықтан өнімнің сапасына 100 пайыз кепілдік бере аламыз. Біздің есік-терезе 4-5 жыл күннің астында тұрса да, бастапқы өңін жоғалтпайды, — деді А.Әріпжанов. Кәсіпорынның өндірістік желісі аустриялық болса, қондырғысы немістікі. Аустрияның Greiner Extrusion консалтингтік компаниясы зауытқа сервистік қызмет



көрсетеді. Яғни компания мамандары жыл сайын өндіріс қарқыны бәсеңдеген қыстың уақытында кәсіпорынға келіп, желіні, қондырғыны бір тексеріп шығып, өнім сапасын арттыру, жұмысты тиімді ұйымдастыру бойынша өздерінің кеңесін ұсынып кететін көрінеді.

Серіктестік жылына 11-14 тонна профиль, терезе алдындағы тақтай шығарады. Ең бастысы, компания жергілікті бюджетке жыл сайын салық ретінде 15 млн теңге қаржы аударады. Осылайша, ұлттық экономиканың өсуіне, елдегі әлеуметтік жағдайдың жақсаруына үлкен үлес қосуда.

Компания алдағы уақытта Шығыс Қазақстан, Қостанай, Ақмола облысында филиал ашуды жоспарлап отыр. Айта кетер жәйт, серіктестік алғашқы бизнесін осыдан 7-8 жыл бұрын неміс технологиясы бойынша полиэтиленді, полипропиленді құбыр жасап шығарудан бастаған екен. Бүгінде диаметрі 20-630 миллиметрлі газға арналған және ыстыққа төзімді құбыр тұрмыста кеңінен қолданылуда. Сондай-ақ ішкі нарықта жоғары сұранысқа ие. Мұнда жұмысшының ең төменгі айлық табысы — 70 мың теңге көлемінде. Зауытқа жергілікті тұрғындар тартылған.



Осы мақсатқа орай, бүгінде Шымкенттегі политехникалық колледждің студенттері осында келіп, іс-тәжірибеден өтіп жүр. Елімізде шағын және орта кәсіпкерліктің дамуы ең алдымен Елбасының ұстанған сарабал саясатының жемісі. Мемлекет басшысы Қазақстан халқына арнаған жыл сайынғы Жолдауында бизнеске қолайлы жағдай туғызу керектігіне баса мән беріп отырады. Сондықтан біз де Елбасының сенімін ақтап, Қазақстанның келешегі үшін аянбай еңбек етуіміз керек, — деді ол. Өз кезегінде, зауыттың бас технологы Арман Әріпжанов профильден есік-терезе жасаудың қыр-сырымен бөлісті. Оның айтуынша, ПВХ-ға титан диоксиді, бор, стабилизатор секілді қоспа қосылып, біртекті ингредиентке айналдырылған соң арқаулау цехында одан есік-терезенің жақтауы мен терезе алды тақтайы құйылады. Кейін дайын профильден ғимараттың есік-терезесі құрастырылады. Сонымен бірге есік-терезенің ұстағышы және өзге де аксессуар осы зауытта дайындалады. Ал ПВХ түрлі қоспа шикізаттары Ресей мен Еуропа елдерінен әкелінеді. Біз зауыттың бас технологінен сыр сұрыпқтап, пластик есік-терезенің шамалы уақыт өткен соң не үшін

Олардың біліктілігін арттырып отыруға баса мән беріледі. Мұрат Мамытбековтің айтуынша, өндіріс орнының 80-90 пайызы — жастар. Қазір де осы зауытқа жұмысқа орналасуға ниет етушілер азаймай отыр. Шымкент политехникалық колледжінің студенттері осында өндірістік тәжірибеден өтіп қана қоймай, білімді, талаптылары арнайы іріктеліп, осында жұмысқа қалып жатады. Олардың ендігі мақсаты — нарық әлемінде өз орнын нақты белгілеп алу. Бұл үшін ең әуелі сапаға мән беру керек деп санайды олар. Сонымен бірге өнімін Қазақстанның тыс жерге шығару көлемін ұлғайту. — Біз аспан брендин бекер таңдаған жоқпыз. Аспан шексіз әлем. Шексіздікке жеткен кім бар дейсіз. Алайда адам армандап қана қоймай, шынды бағындыра білуі керек, — деді қоштасарда серіктестіктің бас директоры Мұрат Мамытбеков.

Қақпа алдында бірнеше ауыр жүк автокөлігі тұрды. Олар алыс сапарға аттануға сақалай сай түр еді...

Бетті дайындаған
Сабырбек ОЛЖАБАЙ,
Оңтүстік Қазақстан облысы

Ақтаңдақ

(Жалғасы. Басы №20 санында)

Польша барлауының архиві 1939 жылы күзде Германияны басып алғанда, неміс барлауының қолына түскен. 1945 жылы КСРО армиясы Берлинді алғанда, кеңес барлауы «Смерштің» қолына түсіп, Ресей Федерациясының қазіргі әскери архивінде (РГВА) сақтаулы тұр.

Енді, міне, осы идеологиялық негізі бар күресті герман фашистері өздерінің пайдасына шешіп, жаулап алған КСРО территориясын бөлшектеу жоспарын жасады. Орталық Азия мен Қазақстан біртұтас Үлкен Түркістанға бірігіп, баяғы 20-жылдары М.Шокай армандаған, Ахмет Зәки Уәлиди басшы болуды ансаған Түркістан мемлекеті болуы жоспарланды. Сондықтан 1941 жылы соғыс басталып, Гитлер әскері тұтқындарды мындап емес, жүздеген мындап қолға түсіріп жатқанда Кавказ бен Орта Азия, Қазақстан, татар, башқұрт және басқа да Еділ бойы халықтарының тағдыры тағы да тәлкекке түсті.

Герман жағына белсене қызмет жасаған профессор Әлімжан (Ғалымжан) Идриси, Уәли Каюмхан және басқалары М. Шокай қайтыс болғаннан кейін лагерлерді аралап, тұтқындарды азғыру жұмыстарын өршітті. Ғ.Идриси бұрыннан белгілі адам, азамат соғысынан кейін Германияға кеткен, сонда Шығыс министрлігінде істеген адам. Ұлты татар.

Уәли Каюмхан 1922 жылы Түркістан АКСР-нен жергілікті ұлт өкілдерінен мамандар даярлау үшін деп оқуға жіберілген 70 адамның құрамында Германияға 16 жасында барған. Олардың ішінде бес қазақ азаматы (Ғ.Бірімжанов, Д.Бітілеуов, М.Бұралкиев, Ә.Мұнайтбасов, Қазбеков) бірге барған. Оқуда болған казактар түгел елге оралып, қуыңға түсті. Ал У. Каюмхан сонда қалып қойып, герман радиосында қызмет етті. Түркістан ұлттық кеңесіне кірді, М. Шокайдан кейін соның төрағасы болды. «Түркістан легионын» құруға ең белсенді қызмет еткен адам.

Германия соғыстың алғашқы айларында тұтқындардан әскер жасақтағаны айтылды. 1941 жылы қазанда Польшадағы Ремберт полигонында 6 Түркістан ротасы құрылды. Олардан Германияның әскери барлау органы үшін «Абверге» «Жолбарыс Б» деген жоспар бойынша болашақ диверснттар мен барлаушылар тандап алынды. 450 Түркістан батальоны да осындай мақсатпен құрылды. Командирі А.Майер-Мадер.

А. Майер-Мадер осы легионерлердің ішінен 15 адамды тандап алып, Түркістанға парашютпен тастау идеясын ұсынды. Оның ойынша, мұндай топ Орталық Азия мен Қазақстандағы аса белгілі бір тұлғаны қолға түсіріп, ұшақпен Германияға жеткізсе, оны болашақ Түркістан мемлекетінің президенті болуға көндіріп, басқаларға насихат



жасар едік деген дәме. Тағы бір топты ол басмашылар қозғалысын өршіту үшін жібермек болды. Бірақ Қырымға жеткізді, әрі қарай жіберілмекші болған десант тобын тиеген ұшақ Симферополь маңында апатқа ұшырап, бұл жоспар орындалмай қалды.

1941 жылы соны — 1942 жылы алғашқы жартысында Шығыс легиондарын құруды тездету қолға алынды. Украина — Кавказ, Қырым бағытында неміс қолына түскен кеңес тұтқындары көп болғандықтан және дәл сондай жағдай Белоруссия — Москва, Новгород — Ленинград бағытында да қалыптасқандықтан, Қазақстан, Орталық Азия және Кавказ халықтарынан шыққан тұтқындарды екі бағытта шоғырландырып, батальондарға тіркеуге кірісті. Бұл топтарға татар, башқұрт, чуваш т.б. да қосылды.

Тұтқында түскендердең құрылатын «Шығыс легиондары» деп аталған бұл әскер бөлімдерінің жинау, оқыту орталықтары екеу болды. Біреуі — Украина жерінде. Екіншісі — Польшада. «Шығыс легиондарының Басқару командалығы» деген мекеме екіге бөлініп, бірі — Украинадағы, екіншісі — Польшадағы легион құру жұмыстарын жүргізді. Мұның басты себебі — 1942 жылы көктемі мен оның кеңес жеріне басып кірген одақтастары үшін (*Румыния, Венгрия, Италия*) стратегиялық шабуыл жоспарын жасағанда, негізгі бағыт

деп Кавказ бен Еділ — Сталинград — Астрахан бағытын айқындады. Шабуыл барысы мен кейінгі оқиғалар мұның дұрыстығын дәлелдеді. Вермахт әскері Доннан әрі Еділ бойына жакындаған сайын, Кавказ бағытындағы ұрыстар да өршіп, Шығыс легиондарын өз жерінде ұрысқа енгізуге асыққан герман жағы оларды құруды тездетті.

1941 жылы қазан айында жеке «жүздіктерді» құрудан бастап, кейін оларды 1-Түркістан полкіне



біріктірген немістер 1942 жылы басында ең алғашқы Түркістан батальондарын құрып үлгерді. 1942 жылы 12 қыркүйекте немістер Грузин батальондарын Пятигорскіге әкеліп, ұрысқа енгізді. Оның артынша армян және әзірбайжан, Түркістан батальондарын ұрысқа қосты. 1943 жылы мамырына дейін тек Украина жерінде Шығыс легиондарының 25 дала батальоны (*жаыу әскері*) құрылды. Олардың 12-сі Түркістан легионының

дәйекті деректері бойынша 1941-1945 жылдары 1,3-1,5 миллионға жуық КСРО азаматтары осындай әскер жасағында және полиция құрамында болған.

КСРО-ның Еділ бойы, Қазақстан, Орталық Азия және Кавказ ұлттарынан 310 мыннан



— 325 мыңға дейін жететін адамдар Шығыс легиондарында болған. Таратып айтсақ, олардың қатарында: 180 мың өзбек, қазақ, қырғыз, ұйғыр, тәжік, түрікмендер. Солтүстік Кавказ ұлттарынан 28-30 мындай адам, 20 мындай грузин, 18 мындай армян, 25-55 мындай әзірбайжан, 40 мындай татар, башқұрт, чуваш, мордва, улмұрт, марилер осы Шығыс легиондарының сапынан өткен. Жау күші Сталинград түбіне

ТҰТҚЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЖАУЫНГЕРЛЕРІ

батальондары еді (*1/29, 1/44, 1/76, 1/94, 1/100, 1/295, 1/297, 1/305, 1/370, 1/371, 1/384, 1/389*). Қалғандары: 6 Әзірбайжан, 4 грузин, 3 армян батальоны. Бұларға қоса, 2 Солтүстік Кавказ күшейтілген батальоны, 7 құрылыс және 2 запастағы батальондар құрылды. Бұлардың нөміріндегі бірінші сан құрылған ретін көрсетсе, қасындағы екінші сандар соларды құруға командалық құрам

дейін жеткенде Орталық Азия мен Қазақстаннан шыққан тұтқындарды майданда пайдалануға, өз жерлерінді азат етесіндер деп сендіруге жақсы мүмкіндік тулы. Алайда жаудың бұл ниетінен жарытып ештеңе шықпады. Астрахан — Қазақстан бағытында пайдасы тиеді деген Түркістан легионының бірнеше батальоны қатты шығынға ұшырады. Реті келгенде легионерлер кеңес жағына қашып кетіп отырды. Кейде түгелдей взвод (30 адам), сирек болса да рота (120 адам) қашып кеткен кездері жиі ұшырасты.

Кеңес барлау органдары соғыс кезінде белсенді қызмет атқарғаны мәлім. 1941 жылы соңында кеңес жағына барлау жүйесі бойынша «немістер тұтқындардан әскер жасақтап жатыр» деген ақпараттар көп түскен. Сондықтан кеңес барлау органдары оларға, жалпы фашистердің үгіт насихатына қарсы үнемі пәрменді шаралар жүргізіп келген. Соның бірі — легионға М.Шокайдың қатысы бар деген ақпарат алынған соң жасалған қарсы шаралар. Мысалы, Қызылорда облысы Жалағаш ауданының тумасы, М.Шокайға туысқандық жақындығы бар Байдырахман Садықовты дайындықтан өткізіп, майдан шебінен неміс жағына бірнеше рет жіберуі соның айғағы. 1924 жылы туған Б.Садықов соғыс кезінде майдандық барлау взводының, кейін ротасының командирі болған. Арнайы тапсырмаларды орындап, соғыс кезінде тоғыз орден мен медальдарға ие болған адам. Оның ішінде үш «Қызыл Ту» және бір «Суворов ордені» бар. Соғыстан кейін КСРО Қарулы күштері Бас штабының барлау басқармасында қызмет атқарған ол подполковник шенінде отставкаға шықты, кейін полковник атағын алды. 1983 жылы осы жолдар авторы оның қызметке тұрған анкетасын өз қолымен толтырып, қысқаша естелігін жазып алған еді. Ол кездегі тәртіп бойынша мұндай астыртын жұмыстар туралы ашық айтуға рұқсат жоқ болатын.

Жазушы Ә.Таразидың сценарийі бойынша қойылған М.Шокай туралы фильмдегі кейіпкер прототипі осы Б.Садықов. Бірақ ол М.Шокаймен кездеспеген. Бұл сценарий авторы мен режиссердің көркемдік әсірелеуі. Б.Садықовтың айтуы бойынша Орталық Азия мен Қазақстанның адамдарынан құралған Түркістан легионына осы республика ұлттарынан іріктеліп, арнайы дайындалған барлаушылар жіберіліп тұрған. Олар Түркістан легионының құрамы, ондағы адамдардың көңіл-күйі, реті келген жағдайда кеңес жағына өтіп кету ниеті барынан үнемі хабардар болып, оны орталықтағы Барлау басқармасына жіберіп тұрған. Осыған сәйкес Кеңес барлау жағы майдандардың



Түркістан легионы және басқа да Шығыс легиондары жүрген жерлерге әуеден ұнпарактар тастап, еріксіз неміс легионына кіргендерді партизандарға қашуға, болмаса кеңес жағына өтуге үнемі үгіттеп отырған.

Осындай жұмыстарды орындаушылардың бірі — барлау жұмысының ардагері, отставкадағы полковник Сардарбек Ақпанбетов еді. Соғыс кезінде ол кеңес барлау органдарының тапсырмасымен майдан шебінен әлденеше рет өтіп «Түркістан легионы» батальондарына барып қосылған. Барлаушының қолындағы легионерлердің суретінің көбі бүгінгі интернет жүйелерінде жүрген суреттер. Өмірінің соңғы жылдары С. Ақпанбетов Қазақ КСР Ғылым Академиясының суретшілер мен операторлар тобында қызмет етті. Ол да легионерлер арасында іріткі салу, кеңес жағына және партизандарға өтіп кету туралы насихат жұмыстарының белсенді жүргізілгенін растаған еді.

1943 жылы Алматы қаласында арнайы дайындықтан өткен Қазақстан мен Орталық Азия ұлттары өкілдерінен 50 барлаушы майдан шебінен өткізіліп «Түркістан легионы» мен Түркістан ұлттық комитетіне енгізілді. Солардың бірі — 1922 жылы Германияға оқуға барған тәжік Мунзин Бұрхановтың баласы Рахым Бұрханов еді. Әкесі отбасымен оқуға барғанда кішкентай бала Рахым он жаста болатын. Германияда неміс мектебінде оқып, немісше өте жақсы сөйлейтін болған. КСРО-ға оралған



соң мұғалімдер институтын бітіріп, соғысқа аттанды. Бірақ майданнан шақыртып алынып, дайындықтан соң, майдан шебінен немістер жағына өткізіліп, Түркістан ұлттық комитетінің аппаратына енеді.

Түркістандықтар арасында іріткі салу ынғайы легион мен ТҰК-тегі алауыздықтардың нәтижесінде өрши түседі. Уәли Каюмхан басқарған бұл ұйымды — әскери бөлімді өзбек Баймырза Хайт басқарды. Қалған жетекші орындардың бәрінде өзбек ұлтының өкілдері орнығып алып, өз мүдделерін, саясатын іске асыратыны қалған ұлт өкілдерінің наразылығын тудырды.

1995 жылы жазда Абайдың 150 жылдығына қонақ ретінде Кельннен шақырылған Баймырза Хайт Алматыға келіп, бір жарым ай Қазақстан мен Қырғызстанда болды. Осы жұмыс авторы Б.Хайтты қарсы алып, Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтында және басқа жерлерде қоғам өкілдерімен кездестірді. Бірақ сол кездесулерде де, жеке әңгімелерде де ол Түркістан легионы туралы сұрақтардан жауап беруге жаттарды, ол неміс билігінің ісі деп ақталды.

Әсіресе соғысқа дейін Свердловск қаласында политехникалық институтты бітірген Батыс Қазақстанның тумасы, 1941 жылы жазда немістер жағына өз еркімен өткен инженер қазақ Қарыс Канатбаев сияқты белсенді қайраткерлер бұған, тіптен шыдамсыздық танытқан еді. Осының нәтижесінде Қ.Канатбаевпен топтасқан түркістандықтар 1944 жылы ақпанда жеке өздері «Түркістан ұлттық кеңесі» деген ұйым құрып, У.Каюмханнан бөлінеді. Рахым Бұрханов бұған белсенді қызмет етіп, осы кеңестің жауапты хатшысы болып тағайындалады.

К. Канатбаев құрған Түркістан ұлттық кеңесі немістер жағында Орыс азаттық армиясын құрған (РОА) бұрынғы кеңес генералы А.Власовпен одақтасып, бірге қимылдауға келіседі. Бірақ мұнан нәтиже болған жоқ, керісінше соғыстан кейін «Түркістан легионында» болғандарды жауапқа тартқанда, олардың жазасын ауырлата түскені мәлім.

Рахым Бұрханов кеңес барлауының өзіне берген тапсырмасын толық орындап, 1945 жылы мамырда жасырын түрде кеңес жағына өтеді. Оның «Түркістан легионы» және Түркістан ұлттық комитеті мен кеңесі туралы жазып берген анықтама есебі Ресейдің Федералдық қауіпсіздік архивінде сақтаулы. 60-жылдар кезінде оның есімін жария етуге рұқсат берілмепті. Себебі белсенді легионерлер мен ТҰК-те қызмет еткен түркістандықтардың кейбірі соғыстан кейін батыс Германияда қалып, АҚШ құрған «Азаттық» радиосында қызмет етті. Олардың ішінде жоғарыда айтылған Қ.Канатбаев, Дәулет Тағыбердин, Жұмабек Ақбергенов және басқалары болғаны белгілі.



Кейін 1970 жылдары белгілі қайраткер, «Азаттық» радиосының қазақ редакциясын басқарған Хасан Оралтай алаш азаматтары туралы кітабында «Р.Бұрханов жақсы қайраткер еді, кеңес үкіметі оны атып жіберді» деп жазды. Р.Бұрханов кеңес барлауының тапсырмасын орындап, кері қайтқанын, әрине, Х.Оралтай білген жоқ. Бұл да кеңес барлауының, жалпы екі идеология күресінің айғағы екені даусыз.

Фашистік Германия басшылығы «Түркістан легионын» құрғанда әуел бастан әскери күш құру ғана емес, КСРО тылында барлау және диверсиялық жұмыстарды да іске асыру ниетін көздеді. Польша және Германия территориясында жұмыс істеген барлау мектептерінде даярланған ондай топтарды, жеке адамдарды Қазақстанның батыс аумағына және басқа жерлерге жіберумен болды. Бұл барлаушылардың соңғы жаттығу мектебі Украинаның Бердянск, Полтава қалаларында орналасты. Дрездендегі түркістандықтардың барлау мектебінде (*Арбайтсгемайшвафт*) молдалар да арнайы дайындықтан өтті.

Сол барлау мектептерінен өтіп, Қазақстанға ұшақпен тасталған диверснттардың көбі билік орындарына өз еркімен беріліп отырды. Әрине, кейбіреулерінің неміс жағына адалдық білдіріп, ол жақтың тапсырмасын мұқият орындауға тырысқаны да жасырын емес. Мысалы, соғыстан кейін АҚШ агенті болып ұсталған С.Қолдыбек (*тегін әдейі келтірмедік*) Франция жерінде партизандарға қарсы жазалау операцияларына қатысқан. 1945 жылы АҚШ жағына қолға түсіп, іріктеу лагерінде жүргенде американдықтар өзіне қызмет ететін барлаушы болуға көндіріп, кеңес жағына қайтарған. Сол сияқты Қали Мұхаметдинов герман барлауының тапсырмасымен кеңес офицерінің формасы және құжатын пайдаланып, 5 рет майданның бергі жағына өткен. Қайта оралып отырған. Мұндай фактілер «Түркістан легионы» тарихында болғанын құжаттар айқындайды.

Неміс жағына адал қызмет етудің үлгісін аты шулы «Әлихан Ағаевтың» ісі де дәлелдейді. Герман жағы 1943-1944 жылдары майдандарда сөтсіздікке ұшыраған соң, КСРО тылының ұлттық аймақтарында диверсиялық әрекет жасау, тіптен сол ұлттарды кеңеске қарсы көтеріліске шығару идеясын да ұстанғаны белгілі. Бұл жеңіліске ұшырап жатқан жаудың КСРО тылында берекесіздік ұйымдастыру, өз жағдайын жеңілдету мақсаты еді. Сол себептен әртүрлі топтар Кавказ, Қазақстан және басқа да ұлттық аймақтарға жіберілді. Сондай топты құруға, оны «Алаш отряды» деп атауға (*батальон*) ұсыныс берген Ә.Ағаев барлау мектебіне адамдарды тандап алуға өзі де қатысады. Екі топпен әуе жолы арқылы Гурьев облысына түскен Ағаев тобы сөтсіздікке ұшырайды. Отрядының кейбір мүшелері сытылып қашып кетіп, кеңес жағына өздері келеді.

Жаудың Ағаевқа үміт арту себебі Гурьев-Орск мұнай құбырына, басқа да стратегиялық нысандарға диверсия жасау еді. Бірақ онысы орындалмай қалды. Өздерін қоршаған әскер отрядымен атыста Ағаев окқа ұшалы, біраз адам қаза табады. Кейін анықталғандай, Ағаевтың шын аты жөні — Әмірхан Тілеумағамбетов, Гурьев (*қазіргі Атырау*) облысы Жылы ауданының тумасы болып шығады. Соғысқа дейін Алматыда Жер халық комиссариатында, Жылы аудандық жер бөлімінде агроном болып істегені анықталады. Ал оның тобынан тірі қалған радист қазақ азаматы кеңес барлауының тапсырмасымен неміс жағымен «радио ойынын» жүргізеді. Өтірік ақпар арқылы диверснттардың келесі тобын қолға түсіреді.

Түркістан легионы батальондарын, басқа да Шығыс легиондары сияқты, адамдары кеңес жағына топ-тобымен өтіп кете берген соң, неміс басшылығы оларға сенімсіздік көрсетіп, Еуропа елдерінің территориясына ауыстырды. 1943 жылы немістер жағы Гиммлер басқарған саяси полиция СС — гестапо мекемесінің аясында Шығыс легиондары батальондарының бір бөлігін біріктіріп, 162 жауы әскер дивизиясын құрады. Бұл дивизия да, Түркістан легионының басқа бөлімдері де Еуропаның әртүрлі елдерінде партизандарға қарсы күресіп, күзет қызметінде болады. Бірақ ол жақта да Түркістан легионының адамдары партизандар жағына қашуын көбейтеді. Бұл 1944 жылы 6 маусымда Одақтастар әскері екінші майдан ашқанда, көбейе түседі. Италия, Югославия, Франция жерінде одақтастарға қарсы ұрысқа енгізілген Түркістан легионының батальондары талқандалып қолға түседі. Міне, немістер құрған Түркістан легионының қысқаша тарихы осындай. Екі жүйе, екіге бөлінген империялар арасындағы соғыста аз ұлт өкілдерінің тағдыры осылай тәлкекке ұшырады.

Қайлар АЛДАЖҰМАНОВ,
Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері, т.ғ.к.

АСЫА МҮРА



АШАМАЙ

– баланы атқа мінуге үйрету үшін қолданылатын ердің қарапайым түрі. Ашамайдың ер сияқты екі қасы (алдыңғы және артқы), екі қапталы, оқпаны болады. Үзеңгінің орнына тепкішек қолданылады. Тепкішек тебініге жапсыра тігілген, шағын киіз қоржын. Сәнді болу үшін оның беті кестеленіп, шүберекпен астарланады.

Тұрманыш – кәсіптің аты. Қазақтар етікші, зергер, темірші деген сияқты кәсіп аттары бар. Тұрманыш – ер-тұрман жасайтын шебердің кәсібіне байланысты туған атау. Қазір тұрманыш аз. Сәкен Нұрғалиев – сол аздың орнын толтырып жүрген шебердің бірі. Сурет факультетін оқыған. Кейін әке кәсібі – ер-тоқым жасауды қолға алынды. Ол «Көшпенділер» фильміндегі ат-жабдықтарын, Қытайда түсірген «Құбылай хан» тарихи телехикаясындағы әбзелдерді жасаған. Шебердің қолынан шыққан бірнеше ер-тоқым қазір Президенттің жеке мұражайында сақтаулы.



Сәкен аға қазір мұрағаттан көрген, кітаптан оқып, мұражайдан кездестірген жәдігерлердің басын құрап – қазақтың бірнеше түрлі ер-тұрманын жасағыртып жасап жүр.

Сәкен аға қазір мұрағаттан көрген, кітаптан оқып, мұражайдан кездестірген жәдігерлердің басын құрап – қазақтың бірнеше түрлі ер-тұрманын жасағыртып жасап жүр.

ШАППА

ЕР – жуан томардан бүтіндей шауып жасалатын ер. Қазақ ерінің көп түрі шаппа ерге жатады.



ҚОЗЫҚҰЙРЫҚ

немесе АДАЙ ЕРІ – Қырынан қарағанда ер-тоқымның бейнесі жас қозыға ұқсайды. Ел ішінде адай ері деген де атауы бар. Басқа ер-тоқымдарға ұқсамайтын жері – белдемшесі. Мұның белдемшесі – көннен керіліп жасалады. Кіші жүздің қозықұйрығын айтып, көрсетіп кеткен адамның бірі – Әлкәй Марғұлан. Оның кітабында қозықұйрық ердің бірнеше түрі кездеседі. Адай ері күміс пен асыл тастар бөлек, түйе сүйегімен өшекейленген.



ҮЙРЕКБАС

ЕР немесе АРҒЫН ЕРІ – Арқа қазақтарында кең таралған. Ердің басы үйректің басына ұқсайды. Арғын ері деп аталады. Сыртынан қараған адамға суда жүзіп жүрген үйректі көз алдыңызға өкеледі. Қазір бұл үйрекбас ер-тоқым Көкшетау жерінде көп кездеседі. Бұрын сал-серілер көп мінген. Өшекейі мол.



Тұрманыш



ҚҰРАНДЫ ЕР

немесе ҮЙСІН ЕРІ – құрап жасалатын ерді осылай атайды. Құранды ер бірнеше бөліктен құралады: ердің алдыңғы қасы, артқы қасы, екі қаптал, белдік ағаштан тұрады. Жетісу жерінде көп таралған. Мұны үйсін ері деп те атайды. Үйсін ердің – «дулат ер», «албан ер» деген екі түрі бар. Құс бас болып келеді. Дулат ерінің алдыңғы қасы домалақтау болса, албан ерінің алдыңғы қасы үшбұрышты, тікше болып келеді. Үйсін ерінің бүтін томардан шауып жасалған түрі де көп.

АЙБАС ЕР

немесе НАЙМАН ЕРІ – сәні бөлек, салтанаты өзгеше. Өйткені, бұл ерге күміс мол пайдаланылады. Қызыл-қоңыр немесе көк-жасыл ақық тастар ердің алдыңғы және артқы қасына әдемі ер береді. Ер-тоқымның басы жарты ай пішінді болып келетіндіктен, айбас ер деп аталған. Ел арасында найман ер деген аты бар. Найман ерінің әйелдерге арналған түрі де дәл осындай болады. Айырмашылығы – көрсенінде (адам отыратын орны). Әйел ердің көрсені үлкендеу, жатық жасалады.

Жарас
КЕМЕЛЖАН

Көкпар тартады

Көкпар қазақтың ұлттық ойындарының ішіндегі тарихы ұзақ, тамыры терең ойын. Ұлттық спортымыз көкпардың бүгінгі жетістігі жаман емес.



Студент те көкпар тартады



Осы орайда, Алматыда «Жастар көкпар лигасы» құрылды. Көкпаршылардың құрамы – Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенттері, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті мен Қазақ ұлттық аграрлық университеті. Қазақ спорт және туризм академиясының студент-жастары. Лига кеңсесінің президенті, ұлт спортының жанашыры болып жүрген – Данияр Дәукей. Бұл көкпар лиганың ерекшелігі – серкені ер команда 3 ойыныдан тартады. Серке – 25 келі тартатын былғарыдан жасалған. Додаға тек қазақы қарабайыр аттар түседі. Мақсат – қазақ жылқысын дәртіптеу, ұлттық ойынды жастар арасында дамыту. Лига жыл сайын қыркүйектен наурызға дейін 10 жарыс турнирін өткізуді жоспарлаған.

**ӘЛЕМНІҢ ӘР ТҮКІРІНЕ
ҰШАҚ БИЛЕТІМЕН
ДЕМАЛУҒА МҮМКІНДІК**

TEM TOUR TRAVEL AGENCY

air astana TURKISH AIRLINES PEGASUS AIRLINES

Lufthansa BRITISH AIRWAYS KLM

- ТІРКЕУ ЖӘНЕ ВИЗА РӘСІМДЕУ
- БИЛЕТ ҮЙ, КЕҢСЕ ЖӘНЕ ЖҰМЫС ОРНЫНА ЖЕТКІЗІЛЕДІ
- ЖОЛАУШЫЛАРДЫ АВТОБУС ЖӘНЕ VIP КӨЛІКПЕН ТАСЫМАЛДАУ

**ТҮРКИЯ!!!
Алдын ала брондау!!!
БҮКІЛ ЕУРОПА
(шопинг, демалыс, емделу)**

TEM TOUR Travel Agency

АВИАБИЛЕТТЕР

Алматы қаласы және облысы бойынша автобустар мен автомобильдерді жалға алу

Алматы, Абылай хан даң., 71
Тел: 8(727) 278 02 13,
8(727) 279 37 75
Факс: 8(727) 279 37 68.
Ұялы тел: 8701 439 05 78
e-mail: info@temtour.net

**БАРЛЫҚ БАҒЫТТАРҒА
АРНАЛҒАН ӘУЕ БИЛЕТТЕРІ**

Алматы, Төле би, Мира, 111
Тел: 8(727) 278 02 13,
8(727) 279 37 75
Факс: 8(727) 279 37 68.
e-mail: info@temtour.net

Интерконтиненталь
Желтоқсан, 181
Тел: 8(727) 258 28 04
Ұялы тел: 8701 782 70 70

Астана, Республика, 5
Факс: 8(7172) 439 559
Тел: 8(7172) 439 558; 439 306
Aстана@temtour.net

Астана, Республика, 5
Факс: 8(7172) 439 559
Тел: 8(7172) 439 558; 439 306
Aстана@temtour.net

Астана, Республика, 5
Факс: 8(7172) 439 559
Тел: 8(7172) 439 558; 439 306
Aстана@temtour.net

Директор – Бас редактор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алкасы:

Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ
Бас редактордың бірінші орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Айбарша ЖАҚСЫЛЫҚ – Астана қаласындағы меншікті тілші

Мадияр АРЫСТАНБАЕВ – арнаулы тілші

Мақпал НОҒАЙБАЕВА – өнер және руханият

Әбдіманап КЕНЕС – жасстар және ғылым

Руслан ДОСТАЕВ – web-редактор

Кәмшат ТӨЛЕШОВА – теріміш

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ – web-caim

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкал БАЙӘДІЛОВ – Ақмола және
Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Қуаныш ТҮНҒАТАР – Алматы облысы
(8 702 952 88 17)

Сабырбек ОЛЖАБАЙ –
Оңтүстік Қазақстан облысы
(8 701 385 72 75)

Фарида МҮНАЛҚЫЗЫ – Маңғыстау облысы
(8 702 799 06 22)

Айхан БАШТАШ – Осло,
Норвегия mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА – Батыс Қазақстан облысы
(8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың
орынбасары
Мейрамбек
ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима
ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы,
93-үй (Абай даңғылының қиылысы)
Телефондар: 8(727) 394-37-22; факс: 394-39-68
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 394-39-67
(жарнама бөлімінің ішкі нөмірі 108)

Газет «Дәуір» ЖШС РПНҚ
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс – №2117;
Бағасы келісім бойынша

Айлық таралымы – 52 000 дана

Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде тіркеліп,
бұқаралық ақпарат құралы есепке қою туралы
№5710-Г куәлігі берілген.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.
Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады,
сондай-ақ «Air Astana», «Turkish Airlines», «Qazaq Air» әуежолдарының ұшақтарында бар.